Ақмола облысы

Астрахан ауданы

«Астрахан ауылының № 1 мектеп-гимназиясы» КММ

«Балдәурен» жазғы демалыс лагерінің II ауысымы



Жауапты мұғалімдер: Серикбаева Б.Н.

Утеева З.Ж.

Камитова А.Ж.

Амангельдин Е.Б.

2025 -2026 оқу жылы

«Балдәурен» ЛАГЕРІ 2 маусым
01.07 - 31.07.26 жыл




Балалардың тізімі

№	Аты- жөні	Сынып
1	Абылай Назар Нұрланұлы	2«А»
2	Асау Дидар Саятұлы	2«А»
3	Асау Елдар Саятұлы	2«А»
4	Арсикеев Адиль	2«А»
5	Арсикеев Амир	2«А»
6	Бикежан Әлия Ернарқызы	2«А»
7	Джуманова Жансая Сакеновна	2«А»
8	Егимбаев Ерсайын Серикович	2«А»
9	Ертуған Дәрия Маратқызы	2«А»
10	Зинур Алинур Мансурұлы	2«А»
11	Каримова Айша Жанатовна	2«А»
12	Кошурбай Айзере Қуатқызы	2«А»
13	Куандыков Дарын Адильбекович	2«А»
14	Мұрат Наргиза Аманқызы	2«А»
15	НаврузалиевНурисламКанатович	2«А»
16	Серік Ақжарқын Бауржанқызы	2«А»
17	Серкибаева Айлин Амирхановна	2«А»
18	Сакен Куаныш Құрмашұлы	2«А»

19	Сәли Халид Азаматұлы	2«А»
20	Бастенова Алуа Курмашевна	2«А»
21	Бегалин Альмурат Бамуратович	1 «А»
22	Бимжанов Адиль Рустемович	1 «А»
23	Ержан Осман Қайратұлы	1 «А»
24	Ерден Кәусәр Нұрланқызы	1 «А»
25	Есемжанова Айзере Асхатовна	1 «А»
26	Есенжол Әмина Әлдіқызы	1 «А»
27	Жусупов Елдар Тлекович	1 «А»
28	Қалилулла Әдемі Азаматқызы	1 «А»
29	Мейрамбек Қазбек Ерланұлы	1 «А»
30	Олжабай Мерей Әділханұлы	1 «А»
31	Садыбек Әлинұр Арыстанбекұлы	1 «А»
32	Серкибаев Бекнур Амирханович	1 «А»
33	Серікболұлы Харун	1 «А»
34	Ибраева Мира	1 «Ә»
35	Данияр Дария Аянқызы	1 «Ә»
36	Дәулеткерей Айдын Бауыржанұлы	1 «Ә»
37	Еженхан Халима Жұлдызқызы	1 «Ә»
38	Құрбанәлі НұрисламСейтжанұлы	1 «Ә»
39	Қадырбай Әлинұр Рустамұлы	1 «Ә»
40	Болатбек Жібек Азаматқызы	1 «Ә»
41	Жұманазар Мирас Талғатұлы	1 «Ә»
42	Талғатбек Бексұлтан Нұртасұлы	1 «Ә»
43	Кеулимкосова Адилбек Адилханович	1 «Ә»
44	Нұрмагамбетов Алихан Еркебуланович	1 «Ә»
45	Кошурбай Ануар Қуатұлы	1 «Ә»

Күн тәртібі



1	Балалардың жиналуы Сбор детей	9:30 – 10:00	
2	Жаттығу Зарядка	10:00 – 10:10	
3	Жоспарланған іс- шаралар Запланированные мероприятия	10:10 – 12:10	
4	Таза ауада ойындар өткізіу. Оздоровительные процедур, игры на свежем воздухе	12:10 – 12:40	
5	Күн тәртібінің нәтижесі үйге кету. Линейка, подведение итогов дня, уход домой	12:40 – 13:00	

2025-2026 оқу жылындағы жазғы демалыс уақытындағы «Балдәурен» лагерінің 01.07-31.07.2026 жыл аралығындағы жұмыс жоспары

Уақыты	Өткізілетін іс-шаралар	Жауаптылар
01.07.2026 жыл	***« Көңілді жаз . Біз біргеміз»*** 1. Қабылдау.	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж

	2.Лагердің ашылу салтанаты 3. **« Мен кіммін? »** танысу тренингі . Лагерь кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру 4. **« Кім жылдам ? »** қозғалмалы ойындар	Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н
02.07.202 6 жыл	***« Денсаулық – зор байлық» күні*** 1.Қабылдау. 2.Көңілді жаттығулары. 3**.« Спорт біздің досымыз »** флешмоб 5. **« Спорт - денсаулық кепілі »** эстафета	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н
03.07.202 6 жыл	**«Елімнің жүрегі – Астана » күні** 1.Қабылдау. 2.Бой жазу жаттығулары. 3. **« Астана күні »** асфальтқа сурет салу . 4. **« Елордаға 3D эскурсия »**	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н
07.07.202 6 жыл	***«Табиғат – алтын бесігім»*** 1.Қабылдау. 2.Бой жазу жаттығулары. 3. Самал саябағына табиғат аясында саяхат 4. **« Шынықтырып денені.....»** командалық спорттық сайыстар	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н
08.07.202 6 жыл	**« Шебер қолдар » күні** 1.Қабылдау. 2.Бой жазу жаттығулары. 3. Ермексазбен жұмыс 4. . **« Ойнайықта , ойлайық »** ашық аспан астында ойындар	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н
09.07.202 6 жыл	***«Абайлаңыз, балақай! »*** 1.Қабылдау. 2.Бой жазу жаттығулары. 3. Жолда жүру ережесімен таныстыру 4. « Абайлаңыз бағдаршам » білімділер сайысы 5. Жол белгілері бойынша сурет салдыру	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н
10.07.202 6 жыл	***« Достық » күні*** 1.Қабылдау. 2.Бой жазу жаттығулары. 3. ***« Досыма тілек » тренинг***	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н

13.07.202 6 жыл	***«Театр » күні*** 1.Қабылдау. 2.Бой жазу жаттығулары. 3**. «Қуыршақтар театры » -** тақырыбында рөлдік ойындар 4. « Биле , биле » көңілді ойындар	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н
14.07.202 6 жыл	**«Ұлттық дәстүр – мақтанышымыз »күні** 1.Қабылдау. 2.Бой жазу жаттығулары. 3 Ұлттық ойындар (асық ату, арқан тартыс).Қазақ халқының құндылықтары туралы әңгіме 4. «Құрт party» құрт жасау	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н
15.07.202 6 жыл	**« Art- студия » күні** 1.Қабылдау. 2.Бой жазу жаттығулары. 3.Аудандық балалар шығармашылық үйіне саяхат. 4. Табиғатта сурет салу және сюжетті композиция жасау. Қолөнер көрмесін ұйымдастыру.	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н
16.07.202 6 жыл	**«Quiz show »** күні 1.Қабылдау. 2.Бой жазу жаттығулары 3. **« Білімді мыңды жығар »** интеллектуалды топтық жарыс	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н
17.07.202 6 жыл	***« Бақытты бала » күні*** 1. Ұйымдастыру жаттығу сәті. 2.Бой жазу жаттығулары. 3.Бассейнге бару 4**.** Сумен әртүрлі ойындар ұйымдастыру	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н
20.07.202 6 жыл	**« ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КҮНІ » күні** **«Қайырлы таң , балақай»** (оқушылар көңілді қабылдау, спорттық жаттығулар). 2. Аудандық кітапханаға саяхат 3. іс шараларға қатысу, ойындар ойнау 4. **« Көңілді старт »** жаттығу	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н

21.07.202 6 жыл	**« Әсем саз » әуенді күн** 1.Қабылдау. 2.Бой жазу жаттығулары. 3**.« Караоке айту »** 4. Музыканы тап ойыны	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н
22.07.202 6 жыл	**«Қайырлы таң , балақай»** (оқушылар көңілді қабылдау, спорттық жаттығулар). 2. Отбасы мүшелеріне өз қолыңмен тосын сый дайындау . 3. «Футбол » ойыны 4. **«Ән салайық тамаша»** қатарда жүріп ән айту..	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н
23.07.202 6 жыл	**«Су – тіршілік көзі »** 1.Қабылдау. 2.Бой жазу жаттығулары. 3.Судағы қауіпсіздік Пинтболл 4. **«Жастар»** аудандық спорт орталығына саяхат(бассейнге түсу)	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н
24.07.202 6 жыл	***«Ертегілер елінде » ертегі кейіпкерлері күні*** 1.Қабылдау. 2.Бой жазу жаттығулары. 3. Ертегілер еліне саяхат жасау ертегі кейіпкерлерін сөйлету 4. Мектеп кітапханасына саяхат	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н
27.07.202 6 жыл	**« Мейірімділік әлемді құтқарады »** 1.Қабылдау. 2.Бой жазу жаттығулары. 3.Тренинг ойыны «Бір-бірімізге жақсы тілек тілейік 4. « Кел санайық,жарысайық » таза ауада ойын	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н
28.07.202 6 жыл	**« Әжемнің тәтті шәйі »** 1.Қабылдау. 2.Бой жазу жаттығулары. 4. Әжемнің шәйі самаурынмен **« Атамның өнері,балаға мұра »** қамшы өру. 5. **« Қошақаным »** әннің орындау.	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н
29.07.202 6 жыл	**« Әр адам өзіне режиссер » күні** 1.Қабылдау.	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж

	2.Бой жазу жаттығулары. 3. Понтомимо ойындар 4. Отрядтық сайыстар	Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н
30.07.202 6 жыл	**« Түстер әлемі »** күні 1. Қабылдау. 2. Бой жазу жаттығулары. 3. Түрлі – түсті сурет салу	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н
31.07.202 6 жыл	**« Қош бол, Балдәурен ! »** 1. Қабылдау. 2.Лагердің жабылу салтанаты 3. Қорытынды концерт. Марапаттау рәсімі. Тілектер ағашын жасау.	Серикбаева Б.Н Утеева .З.Ж Камитова А.Ж Амангельдин Е.Б Мартихина Н.Н

«Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ
2025–2026 оқу жылындағы мектеп жанындағы «Балдәурен» жазғы лагеріндегі оқушыларға арналған қауіпсіздік нұсқаулығы

Жақын арада біз бәріміз оқу жылын аяқтап, жазғы демалысқа шығамыз. Сондықтан жаз мезгілінде өзімізді күтіп, сақ болып жүруіміз керек.
Жаз өте ыстық мезгіл, сондықтан күн тиюден, өрттен және судан сақ болу қажет. Ата-ананың рұқсатынсыз алысқа кетуге, суға шомылуға немесе саяхатқа шығуға болмайды.

Өрт қандай үлкен қауіп әкелетінін бәріміз білеміз. Өрт салдарынан адамдар зардап шегеді, жарақат алады, кейде қаза табуы да мүмкін.
Лагерьде тәртіп сақтау, қауіпсіздік ережелерін орындау және жауапкершілік таныту – әрбір оқушының міндеті. Барлық іс-шаралар педагогтердің, тәрбиешілердің немесе жауапты қызметкерлердің бақылауымен өткізіледі.

1. Лагерьдегі жалпы қауіпсіздік ережелері

- Лагерь аумағында тәртіпті сақтап, ішкі тәртіп ережелерін орындау қажет.
- Тәрбиешілердің, мұғалімдердің және лагерь қызметкерлерінің барлық заңды талаптарын бұлжытпай орындау керек.
- Лагерь аумағынан тәрбиешінің немесе жауапты адамның рұқсатынсыз шығуға болмайды.
- Бір-біріне құрметпен қарап, жанжал шығармау, дөрекі сөздер қолданбау және өзгелердің құқығын құрметтеу қажет.
- Лагерьдің мүлкіне, мектептің жабдықтарына, спорттық құралдарға және табиғатқа ұқыпты қарау міндетті.
- Бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, олардан сыйлық алмау және ешқайда бірге бармау қажет.
- Денсаулық жағдайы нашарлаған жағдайда немесе жарақат алған кезде бірден тәрбиешіге немесе медицина қызметкеріне хабарлау керек.

2. Өрт қауіпсіздігі

- Сіріңке, оттық, пиротехникалық бұйымдар және тез тұтанатын заттарды алып келуге және пайдалануға қатаң тыйым салынады.
- Электр құрылғыларын өз бетінше пайдалануға болмайды.
- Өрт немесе түтін байқалған жағдайда бірден тәрбиешіге хабарлап, сабыр сақтап эвакуация жоспары бойынша шығу қажет.
- Өрт кезінде жүгіріп, итерісіп немесе дүрбелең жасауға болмайды.
- Эвакуация кезінде жауапты адамның нұсқауларын бұлжытпай орындау керек.

3. Жол қозғалысы қауіпсіздігі

- Жолды тек жаяу жүргіншілер өткелі арқылы және бағдаршамның рұқсат берген белгісімен кесіп өту қажет.
- Көлік жолына кенеттен жүгіріп шығуға болмайды.
- Экскурсиялар мен серуен кезінде топтан бөлінбей, жетекшінің жанында жүру қажет.
- Велосипед, самокат немесе басқа көлік құралдарын қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып пайдалану керек.

4. Спорттық ойындар кезіндегі қауіпсіздік

- Спорттық алаңда тәрбиешінің рұқсатынсыз ойын бастауға болмайды.
- Барлық жаттығуларды қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып орындау қажет.
- Жарақат алмау үшін бір-бірін итеруге, аяқтан шалуға немесе қауіпті әрекеттер жасауға болмайды.
- Спорттық құралдарды тек өз мақсатына сай пайдалану қажет.

- Өзін жайсыз сезінген жағдайда ойынды тоқтатып, мұғалімге хабарлау керек.

5. Табиғаттағы қауіпсіздік

- Ағаштарға шығуға, биік қоршаулардан асуға және қауіпті жерлерге баруға болмайды.
- Белгісіз өсімдіктерді, жидектерді немесе саңырауқұлақтарды жеуге болмайды.
- Жәндіктерді ұстамау, жануарларға тиіспеу қажет.
- Табиғатты қорғап, қоқысты арнайы жәшіктерге тастау керек.
- Су ішу үшін тек таза ауыз суды пайдалану ұсынылады.

6. Су айдындарындағы қауіпсіздік

- Су жағасына тек тәрбиешінің немесе жауапты адамның бақылауымен баруға болады.
- Рұқсат етілмеген жерлерде суға түсуге қатаң тыйым салынады.
- Суда бір-бірін итеруге, суға күштеп батыруға немесе қауіпті ойындар ойнауға болмайды.
- Терең жерлерге жүзуге және жалғыз суға түсуге болмайды.
- Қауіпті жағдай туындаса, үлкендерге дереу хабарлау қажет.

7. Санитарлық-гигиеналық талаптар

- Тамақтанар алдында және дәретханадан кейін міндетті түрде қолды сабындап жуу қажет.
- Жеке тазалықты сақтау әрбір оқушының міндеті.
- Тек жарамдылық мерзімі өткен емес тағамдарды пайдалану керек.
- Көшеден сатып алынған белгісіз тағамдарды тұтынуға болмайды.
- Ауыз суды жеткілікті мөлшерде ішу ұсынылады.

8. Интернет және ақпараттық қауіпсіздік

- Бейтаныс адамдармен әлеуметтік желілерде немесе мессенджерлерде жеке мәліметтермен бөлісуге болмайды.
- Өзінің мекенжайын, телефон нөмірін, құпия сөздерін бөтен адамдарға хабарламау қажет.
- Күмәнді сілтемелерге өтпеу және белгісіз файлдарды жүктемеу керек.
- Интернетті мәдениетті және қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау қажет.

9. Төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттер

- Кез келген қауіпті жағдайды байқасаңыз, бірден тәрбиешіге немесе лагерь басшысына хабарлаңыз.
- Сабыр сақтап, жауапты қызметкерлердің нұсқауларын орындаңыз.
- Өз бетіңізше әрекет етпей, эвакуация бағытын ұстаныңыз.
- Зардап шеккен адамға үлкендердің рұқсатынсыз алғашқы медициналық көмек көрсетуге әрекет жасамаңыз.

10. Тыйым салынады

Лагерьде:

- темекі өнімдерін, электрондық темекіні, алкогольді ішімдіктерді және басқа да зиянды заттарды пайдалануға;
- өткір, кесетін немесе жарылғыш заттарды алып келуге;

- мектеп мүлкін бүлдіруге;
- тәртіп бұзуға, төбелесуге және өзгелердің ар-намысына тиетін әрекеттер жасауға;
- лагерь аумағынан рұқсатсыз кетуге;
- қауіпті ойындар ұйымдастыруға және қауіпсіздік талаптарын бұзуға қатаң тыйым салынады.

«Балдәурен» жазғы лагері – оқушылардың жазғы демалысын қызықты, пайдалы әрі қауіпсіз өткізуге арналған орта. Әрбір оқушы қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, өз денсаулығына, достарының қауіпсіздігіне және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауы тиіс. Барлық қауіпсіздік талаптарын орындау – жарақаттанудың алдын алудың, жағымды демалыстың және көтеріңкі көңіл күйдің басты кепілі.

Жауапты мұғалім: Серикбаева Б. Н.
Нұсқау өткізген күн: 01.07.2026 ж

№	ФИО	Сынып	Қолы
1	Абылай Назар Нұрланұлы	2«А»	
2	Асау Дидар Саятұлы	2«А»	
3	Асау Елдар Саятұлы	2«А»	
4	Арсикеев Адиль	2«А»	
5	Арсикеев Амир	2«А»	
6	Бикежан Әлия Ернарқызы	2«А»	
7	Джуманова Жансая Сакеновна	2«А»	
8	Егимбаев Ерсайын Серикович	2«А»	
9	Ертуған Дәрия Маратқызы	2«А»	
10	Зинур Алинур Мансурұлы	2«А»	
11	Каримова Айша Жанатовна	2«А»	
12	Кошурбай Айзере Қуатқызы	2«А»	
13	Куандыков Дарын Адильбекович	2«А»	
14	Мұрат Наргиза Аманқызы	2«А»	
15	Наврузалиев НурисламКанатович	2«А»	
16	Серік Ақжарқын Бауржанқызы	2«А»	
17	Серкибаева Айлин Амирхановна	2«А»	
18	Сакен Куаныш Құрмашұлы	2«А»	
19	Сәли Халид Азаматұлы	2«А»	
20	Бастенова Алуа Курмашевна	2«А»	
21	Бегалин Альмурат Бамуратович	1 «А»	
22	Бимжанов Адиль Рустемович	1 «А»	
23	Ержан Осман Қайратұлы	1 «А»	
24	Ерден Кәусәр Нұрланқызы	1 «А»	
25	Есемжанова Айзере Асхатовна	1 «А»	
26	Есенжол Әмина Әлдіқызы	1 «А»	

27	Жусупов Елдар Тлекович	1 «А»	
28	Қалилулла Әдемі Азаматқызы	1 «А»	
29	Мейрамбек Қазбек Ерланұлы	1 «А»	
30	Олжабай Мерей Әділханұлы	1 «А»	
31	Садыбек Әлинұр Арыстанбекұлы	1 «А»	
32	Серкибаев Бекнур Амирханович	1 «А»	
33	Серікболұлы Харун	1 «А»	
34	Ибраева Мира	1 «Ә»	
35	Данияр Дария Аянқызы	1 «Ә»	
36	Дәулеткерей Айдын Бауыржанұлы	1 «Ә»	
37	Еженхан Халима Жұлдызқызы	1 «Ә»	
38	Құрбанәлі НұрисламСейтжанұлы	1 «Ә»	
39	Қадырбай Әлинұр Рустамұлы	1 «Ә»	
40	Болатбек Жібек Азаматқызы	1 «Ә»	
41	Жұманазар Мирас Талғатұлы	1 «Ә»	
42	Талғатбек Бексұлтан Нұртасұлы	1 «Ә»	
43	Кеулимкосова Адилбек Адилханович	1 «Ә»	
44	Нұрмагамбетов Алихан Еркебуланович	1 «Ә»	
45	Кошурбай Ануар Қуатұлы	1 «Ә»	

Ақмола облысы

Астрахан ауданы

«Астрахан ауылының № 1 мектеп-гимназиясы» КММ

«Балдаурен» жазғы мектеп жанындағы жазғы лагерінің екінші маусымының ашылу жиыны.



Жауапты мұғалімдер: Серикбаева Б.Н.

Утеева З.Ж.

Камитова А.Ж.

Амангельдин Е.Б.

2025 - 2026 оқу жылы

«Балдәурен» мектеп жанындағы лагерінің ашылуына арналған «Көңілді жаз. Біз біргеміз» тақырыбындағы салтанатты жиын.

Мақсаты: Балаларды лагерьмен таныстыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау, достық қарым-қатынас қалыптастыру.
Безендірілуі:

- «Қош келдің, Балдәурен!» баннері
- Әуе шарлары, жалаушалар

- Көңілді әуен

Жүргізуші 1:
Қайырлы таң, құрметті ұстаздар, қадірлі қонақтар және сүйікті балалар! Жаздың шуақты күндерімен бірге көптен күткен «Балдәурен» жазғы лагерінің ашылу салтанатына қош келдіңіздер!

Жүргізуші 2:
Бүгіннен бастап бізді қызықты ойындар, көңілді жарыстар, шығармашылық жұмыстар мен ұмытылмас достық күтіп тұр. Баршаңызға көтеріңкі көңіл күй тілейміз!

Қазақстан тәуелсіз ел екенбіз,
Жоғалмасын ешқашан берекеміз.
Шын ниетпен сендерді құттықтаймыз,
Құтты болсын,балалар мерекеміз!

Жүргізуші :Жиын! Сап түзе! Тік тұр! « Балдәурен» мектепжанындағы жазғы лагерінің ашылу салтанатына орай ҚР Мемлекеттік Әнұран орындалсын!

(Әнұран орындалады.)

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады.

Мектеп директорының құттықтау сөзі
(3–5 минут)

Жүргізуші:
– Лагерьдің тәртібімен қысқаша таныстыру.
– Қауіпсіздік ережелерін еске салу.

Жүргізуші: Асқақ арман жетелеп ақ таңдарға,
Жас өнерім өнерден бақ табар ма?
Руханияты елімнің сарқылмасын,
Ұялатар ұлағатын санаңа!
Өмір- өнер, өнер-өмір мектебі ме,
Сәуле төккен жас ұрпақ зердесіне?!
Құшағында лагердің тербелеміз,
Рухани шуақты өмір бесігінде.

Ұлттық өнеріміз бен мәдениетімізді құрметтеп, «Бұлақ көрсең, көзін аш» демекші жазғы лагерде балалардың рухани дүниесін кеңейтіп, таланттарын шыңдап, өнермен қанаттанып қайтуына барынша күш саламыз деп уәде береміз.

Балалардың өнері

- Би
- Ән
- Өлең

Көңілді ойын
«Күн шуағы»
Балалар шеңберге тұрады.

Жүргізуші:
– Егер көңіл күйің тамаша болса – қолыңды көтер!
– Егер жаңа достар тапқың келсе – шапалақта!
– Егер лагерьде қызықты демалғың келсе – «Иә!» деп айқайла!

Лагерьдің ұраны

Жүргізуші:
– Біз қандай лагерьміз?
Балалар:
– **«Балдәурен!»**
Жүргізуші:
– Ұранымыз?
Балалар бірге:
«Көңілді демалыс – жарқын болашақ!»

Ашылуын жариялау

Жүргізуші:
Осымен «Балдәурен» жазғы мектеп жанындағы лагерінің ашық деп жариялаймыз!
(Көңілді ән қойылады.)

Алғашқы күннің жоспары (09:30–12:30)

Уақыты	Іс-шара
09:30–09:45	Балаларды қарсы алу, тіркеу, топтарға бөлу, бейдж тарату
09:45–10:10	Лагерьдің ашылу салтанаты
10:10–10:30	Танысу тренингі («Өз есіміңді таныстыр», «Достық шеңбері», «Мен туралы үш қызықты факт»)
10:30–10:45	Сергіту биі («Қара жорға», флешмоб немесе көңілді би)
10:45–11:10	Топ атауын, ұранын, эмблемасын ойлап табу
11:10–11:35	Спорттық эстафеталар («Доппен жүгіру», «Секіртпемен жарыс», «Кедергілерден өту»)
11:35–11:55	Шығармашылық жұмыс: «Менің арманымдағы жаз» сурет салу немесе постер жасау
11:55–12:10	«Көңілді викторина» (жаз, табиғат, ертегілер, мультфильмдер туралы сұрақтар)
12:10–12:25	Қорытынды шеңбер. Балалардың әсерімен бөлісу, «Бүгін маған не ұнады?» ойыны
12:25–12:30	Ертеңгі күннің жоспарын айту, қоштасу

Алғашқы күнге ұсынылатын ойындар

- «Өрмекші торы» (жіп арқылы танысу)
- «Атыңды қимылмен көрсет»

- «Досыңды тап»
- «Шаттық шеңбері»
- «Құпия дос»
- «Көңілді эстафета»
- «Түстер бойынша топтас»

Қымбатты балалар! « Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала болар ма? »-деп ұлы ақын А.Құнанбаев айтқандай біз сіздерге өзіміздің «Балдәурен» жазғы мектеп жанындағы лагерімізде ойнап, ән салып, би билеп, білімдеріңді шыңдап, жақсы дем алуларыңызға тілектеспіз!

Лагерь-біз үшін рухани демалыс орталығына айналып, жас ұрпағымызды өнерге, адал достыққа үндей берсін,- демекпіз.

Лагерь сап түзеп! Тік тұр!

Осымен «Балдәурен» жазғы мектеп жанындағы лагерінің ашылу салтанатына арналған «Сәлем, лагерь!» атты жиынымыз да аяқталды.

келесі бір көрікті кешінде кездескенше!



ЖАЗ-2026

ЖАЗ-2026







«Балдәурен» жазғы лагерінің бірінші күні ұйымдастырылған іс-шараларға анықтама

«Көңілді жаз. Біз біргеміз» тақырыбындағы лагерьдің 1-күні туралы
«Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ жанындағы «Балдәурен» жазғы лагерінде «Көңілді жаз. Біз біргеміз» атты алғашқы күн өз деңгейінде ұйымдастырылып өткізілді.

Күннің басында оқушыларды қабылдау жұмыстары жүргізіліп, лагерьге келген балалар тіркеуден өтті. Оқушылар топтарға бөлініп, тәрбиешілермен және лагерьдің күн тәртібімен таныстырылды. Одан кейін лагерьдің ашылу салтанаты ұйымдастырылды. Іс-шара барысында лагерьдің мақсаты мен міндеттері таныстырылып, оқушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлау мақсатында құттықтау сөздер айтылды. Балалар белсенді қатысып, алдағы қызықты күндерге деген қызығушылықтарын білдірді.

«Мен кіммін?» танысу тренингі барысында оқушылар өздерін таныстырып, қызығушылықтары туралы айтып, бір-бірімен жақынырақ танысты. Түрлі тренингтік жаттығулар арқылы балалар арасында достық қарым-қатынас пен ұйымшылдық атмосферасы қалыптастырылды.
Тренингтен кейін лагерьдегі қауіпсіздік ережелері жан-жақты түсіндірілді. Оқушыларға лагерь аумағында өзін-өзі ұстау мәдениеті, өрт қауіпсіздігі, жол қозғалысы ережелері, спорттық ойындар кезіндегі қауіпсіздік талаптары, жеке бас гигиенасы және төтенше жағдайларда әрекет ету тәртібі туралы нұсқаулық берілді. Балалар қауіпсіздік талаптарымен танысып, оларды қатаң сақтауға міндеттенді. Күннің соңында «Кім жылдам?» атты қозғалмалы ойындар ұйымдастырылды. Эстафеталық жарыстар мен қызықты ойындарға барлық оқушылар белсенді қатысып, шапшаңдықтарын, ептіліктерін және топпен жұмыс жасау қабілеттерін көрсетті. Ойындар балалардың көтеріңкі көңіл күйде демалуына және өзара достық қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етті.

Қорытындылай келе, лагерьдің алғашқы күні жоспарға сәйкес жоғары деңгейде өткізілді. Барлық іс-шаралар өз мақсатына жетіп, оқушылардың жазғы демалысын қызықты әрі қауіпсіз ұйымдастыруға бағытталды. Балалар көтеріңкі көңіл күймен белсенділік танытып, лагерь жұмысына қызығушылықпен қатысты.

Ақмола облысы

Астрахан ауданы

«Астрахан ауылының № 1 мектеп-гимназиясы» КММ

«Денсаулық – зор байлық» күні



Жауапты мұғалімдер: Серикбаева Б.Н.

Утеева З.Ж.

Камитова А.Ж.

Амангельдин Е.Б.

2025 - 2026 оқу жылы

Күні: 02.07.2026 ж

Күн тақырыбы: «Денсаулық – зор байлық» күні

Мақсаты: Оқушылардың салауатты өмір салты туралы түсініктерін кеңейту, дене белсенділігін арттыру, спортқа деген қызығушылығын қалыптастыру, ұйымшылдық пен достық қарым-қатынасты дамыту.

Іс-шара кезеңдері	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
1. Қабылдау (10–15 минут)	Оқушыларды жылы қарсы алады. Қатысушыларды тіркеп, көңіл күйлерін сұрайды. Күннің жоспарымен таныстырады және қауіпсіздік ережелерін еске салады.	Лагерьге уақытында келеді. Тіркеуден өтеді. Күн тәртібімен танысып, тәртіп ережелерін сақтауға дайын екендігін білдіреді.
2. Көңілді жаттығулар (15 минут)	Музыка әуенімен жалпы дамыту жаттығуларын ұйымдастырады. Жаттығулардың дұрыс орындалуын қадағалайды, оқушыларды белсенділікке ынталандырады.	Жаттығуларды мұғалімнің көрсетуі бойынша орындайды. Белсенді қатысып, сергектік пен көтеріңкі көңіл күй қалыптастырады.
3. «Спорт – біздің досымыз» флешмобы (20 минут)	Флешмобтың мақсатын түсіндіреді. Қимыл-қозғалыстарды көрсетіп, музыка қосады. Барлық оқушының қатысуын ұйымдастырады.	Музыка ырғағымен қимылдарды қайталайды. Топпен үйлесімді әрекет етіп, флешмобқа белсенді қатысады.
4. «Спорт – денсаулық кепілі» эстафетасы (30–40 минут)	Оқушыларды топтарға бөледі. Эстафета кезеңдерінің шарттарын түсіндіреді. Әділ төрелік жасап, қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылайды. Жеңімпаздарды анықтап, мадақтайды.	Команда құрамында тапсырмаларды орындайды. Белсенділік, шапшаңдық және ұйымшылдық танытады. Қарсылас команданы құрметтеп, ойын ережесін сақтайды.
5. Қорытынды (10 минут)	Іс-шараны қорытындылайды. Белсенді қатысқан оқушыларды мадақтап, салауатты өмір салтының	Өз әсерлерімен бөліседі. Кері байланыс береді. Салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын

маңыздылығын	түсіндіреді.
Кері	байланыс түсінеді.
ұйымдастырады.	

Қауіпсіздік ережелері

- Спорттық жаттығуларды мұғалімнің нұсқаулығына сәйкес орындау.
- Бір-бірін итермеу, қауіпсіз арақашықтықты сақтау.
- Спорттық құралдарды ұқыпты пайдалану.
- Өзін жайсыз сезінген жағдайда бірден мұғалімге хабарлау.
- Таза ауыз суды уақытылы ішіп, жеке бас гигиенасын сақтау.










inCollage



«Балдәурен» жазғы лагерінің екінші күні ұйымдастырылған іс-шараларға анықтама

«Денсаулық – зор байлық» күні туралы

«Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ жанындағы «Балдәурен» жазғы лагерінде «Денсаулық – зор байлық» күні жоспарға сәйкес ұйымдастырылып өткізілді.

Күннің басында оқушылар қабылданып, қатысушылардың тізімі нақтыланды. Балалар күн тәртібімен таныстырылып, қауіпсіздік ережелері еске салынды.

Келесі кезекте көңілді жаттығулар ұйымдастырылып, оқушылар таңғы сергіту жаттығуларын орындады. Музыкалық сүйемелдеумен өткізілген жаттығулар балалардың сергектігін арттырып, көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

«Спорт – біздің досымыз» атты флешмоб барысында оқушылар әуен ырғағымен бірлесіп қимыл-қозғалыстар жасап, белсенділік танытты. Флешмоб балалардың ұйымшылдығын арттырып, спортқа деген қызығушылығын оятуға ықпал етті.

Іс-шараның жалғасы ретінде «Спорт – денсаулық кепілі» атты эстафеталық жарыс өткізілді. Оқушылар бірнеше командаға бөлініп, әртүрлі спорттық тапсырмаларды орындады. Жарыс барысында балалар шапшаңдықтарын, ептіліктерін және ұйымшылдықтарын көрсетті. Барлық қатысушылар ойын ережелерін сақтап, бір-біріне қолдау көрсетті.

Күн соңында іс-шара қорытындыланып, белсенді қатысқан оқушылар мадақталды. «Денсаулық – зор байлық» күні оқушылардың дене белсенділігін арттыруға, салауатты өмір салтын насихаттауға және бос уақыттарын пайдалы әрі қызықты өткізуге өз үлесін қосты.

Ақмола облысы

Астрахан ауданы

«Астрахан ауылының № 1 мектеп-гимназиясы» КММ

«Елімнің жүрегі – Астана» күні



Жауапты мұғалімдер: Серикбаева Б.Н.

Утеева З.Ж.

Камитова А.Ж.

Амангельдин Е.Б.

2025 - 2026 оқу жылы

Күні: 03.07.2026 ж
Тақырыбы:
«Елімнің жүрегі – Астана» күні

Мақсаты: Балалардың Астана қаласы туралы білімдерін кеңейту, патриоттық сезімдерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Іс-әрекет кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар
1. Қабылдау (08:30–09:00)	Балаларды жылы қарсы алады. Амандасып, көңіл күйлерін сұрайды. Қауіпсіздік ережелерін еске салады. Мемлекеттік Әнұранды орындатады. «Астана туралы не білесің?» сұрақтары арқылы әңгіме жүргізеді. Күннің жоспарымен таныстырады.	Амандасады. Әнұранды орындайды. Қауіпсіздік ережелерін қайталайды. Астана туралы өз ойларын айтып, сұрақтарға жауап береді.	Қазақстан Туы, Әнұран, Астана суреттері.
2. Бой жазу жаттығулары (09:00–09:20)	Жаттығуларды көрсетеді. Дене қимылдарының дұрыс орындалуын бақылайды. Сергітетін әуен қосады.	Жаттығуларды мұғаліммен бірге орындайды. Белсенді қатысады.	Музыка, спорт алаңы.
3. «Астана күні» асфальтқа сурет салу (10:00–11:00)	Сурет салу ережесін түсіндіреді. Астана қаласының көрікті жерлері туралы қысқаша мәлімет береді. Борларды таратады. Балалардың жұмысына бағыт-бағдар береді. Жұмыстарды тамашалап, мадақтайды.	Өз қиялымен Астананың көрікті жерлерін асфальтқа бейнелейді. Бір-біріне көмектеседі. Өз суреттерін таныстырады.	Түрлі-түсті борлар, асфальт алаңы.

4. «Елордаға 3D экскурсия» (11:20–12:00)	Интерактивті тақта арқылы Астананың көрікті жерлеріне виртуалды экскурсия ұйымдастырады. Әр нысан туралы қызықты мәлімет береді. Сұрақтар қояды.	Экскурсияны қызығушылықпен көреді. Сұрақтарға жауап береді. Өз әсерлерімен бөліседі.	Интерактивті тақта, компьютер, 3D бейнеролик.
Қорытынды. Рефлексия (12:00–12:20)	«Бүгін не үйрендік?» сұрақтары арқылы кері байланыс жүргізеді. Белсенді қатысушыларды мадақтайды, марапаттайды.	Өз пікірлерін айтады. Көңіл күйлерін смайлик арқылы білдіреді. Бір-бірін қолдайды.	Смайликтер, марапат қағаздары.

Күтілетін нәтиже:

- Астана қаласының басты көрікті жерлерін атайды.
- Елорданың еліміз үшін маңызын түсіндіреді.
- Шығармашылық жұмыс арқылы өз ойын еркін жеткізеді.
- Топпен ынтымақтаса жұмыс істейді.

Қауіпсіздік ережелері:

- Асфальтқа сурет салу кезінде бір-біріне кедергі келтірмеу.
- Борларды дұрыс пайдалану.
- Экскурсия кезінде тәртіп сақтау.
- Жаттығу барысында қауіпсіздік талаптарын орындау.












«Балдәурен» жазғы лагерінің үшінші күні ұйымдастырылған іс-шараларға анықтама

Лагерьдің жұмыс жоспарына сәйкес «Елімнің жүрегі – Астана» тақырыбында танымдық-шығармашылық іс-шаралар ұйымдастырылды.
Іс-шараның мақсаты – тәрбиеленушілердің Астана қаласы туралы білімдерін кеңейту, Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімдерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Күн барысында тәрбиеленушілерді қабылдау ұйымдастырылып, қауіпсіздік ережелері еске салынды. Таңертеңгі бой жазу жаттығулары өткізіліп, балалар сергіту жаттығуларын орындады.

«Астана күні» тақырыбында асфальтқа сурет салу байқауы ұйымдастырылды. Балалар өз қиялдарын пайдаланып, Астананың көрікті жерлерін, мемлекеттік рәміздерді және туған елге деген сүйіспеншіліктерін сурет арқылы бейнеледі. Жұмыстар таныстырылып, ерекше көзге түскен шығармашылық жұмыстар мадақталды.

Одан кейін «Елордаға 3D экскурсия» ұйымдастырылып, тәрбиеленушілер Астананың көрікті орындарымен виртуалды түрде танысты. Экскурсия барысында Бәйтерек монументі, Ақорда резиденциясы, Хан Шатыр ойын-сауық орталығы, Бейбітшілік және келісім сарайы, Ұлттық музей және басқа да маңызды нысандар туралы мәліметтер берілді. Балалар өз ойларын ортаға салып, сұрақтарға белсенді жауап берді.

Іс-шара барысында тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылығы артып, шығармашылық белсенділігі байқалды. Балалар топпен жұмыс жасап, ұйымшылдық, достық және өзара сыйластық қасиеттерін көрсетті.

Қорытындылай келе, «Елімнің жүрегі – Астана» күні өз мақсатына жетіп, тәрбиеленушілердің елорда туралы білімдерін толықтырып, туған елге деген мақтаныш сезімдерін нығайтуға ықпал етті.

Ақмола облысы

Астрахан ауданы

«Астрахан ауылының № 1 мектеп-гимназиясы» КММ

«Табиғат – алтын бесігім»



Жауапты мұғалімдер: Серикбаева Б.Н.

Утеева З.Ж.

Камитова А.Ж.

Амангельдин Е.Б.

2025 - 2026 оқу жылы

Күні: 7.07.2026 ж.
Тақырыбы: «Табиғат – алтын бесігім»

Мақсаты: Табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу, табиғат аясында демалыс арқылы балалардың денсаулығын нығайту және командалық ынтымақтастыққа баулу.

Міндеттері:

- Табиғат туралы білімдерін кеңейту;
- Табиғат аясында өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыру;
- Спорттық ойындар арқылы ептілік, жылдамдық, ұйымшылдық қасиеттерін дамыту.

Құрал-жабдықтар: доптар, секіртпе, кегли, шығыршық, ысқырық, алғашқы көмек қобдишасы, ауызсу, мадақтама қағаздары.

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
I. Қабылдау	09:00–09:15	Балаларды жылы қарсы алады. Амандасып, түгелдейді. Көңіл күй шеңберін ұйымдастырады. Лагерь күнінің тақырыбымен таныстырады. Қауіпсіздік техникасы мен табиғат аясындағы тәртіп ережелерін еске салады.	Амандасады. Көңіл күйімен бөліседі. Қауіпсіздік ережелерін қайталайды. Күн жоспарын тыңдайды.	Тақырып жазылған плакат
II. Бой жазу жаттығулары	09:15–09:30	Жеңіл музыкамен жалпы дамыту жаттығуларын өткізеді. Жүгіру, тыныс алу, созылу,	Жаттығуларды дұрыс орындайды. Денесін қыздырады.	Музыка, ысқырық

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
		секіру жаттығуларын орындатады. Дұрыс орындауын қадағалайды.	Белсенді қатысады.	
III.Орталық саябағына табиғат аясында саяхат	09:30–10:50	Балаларды саябаққа бастап барады. Жол жүру қауіпсіздігін бақылайды. Табиғаттағы ағаштар, гүлдер, құстар туралы әңгімелейді. «Табиғатты қорғайық!» тақырыбында сұрақтар қояды. «Табиғатқа қамқор бол!» атты шағын әңгіме ұйымдастырады. Балаларға табиғаттың әсемдігін бақылауға мүмкіндік береді.	Табиғатты бақылайды. Өсімдіктер мен құстарды ажыратады. Сұрақтарға жауап береді. Табиғатты қорғау жөнінде өз ойларын айтады. Қоршаған ортаға зиян келтірмеу ережелерін сақтайды.	Табиғат нысандары
IV. «Шынықтырып денені...» командалық спорттық сайыстар	10:50–11:50	Балаларды екі командаға бөледі. Эстафеталық жарыстар өткізеді: «Допты жеткіз», «Кедергіден өт», «Секіртпемен жарыс», «Шапшаң команда». Командалардың белсенділігі мен	Команда құрамында жарысады. Белсенділік, ұйымшылдық, ептілік көрсетеді. Бір-біріне қолдау білдіреді.	Доп, кегли, секіртпе, шығыршық

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
		ұйымшылдығын бағалайды. Жеңімпаздарды анықтап, мадақтайды.		
V. Қорытынды. Рефлексия	11:50–12:00	Күнді қорытындылайды. Белсенді балаларды мадақтайды. «Бүгін не үйрендің?», «Саған не ұнады?» сұрақтары арқылы кері байланыс алады. Келесі күннің жоспары туралы қысқаша ақпарат береді.	Өз әсерлерімен бөліседі. Кері байланыс береді. Белсенді қатысқан жолдастарын қолдайды.	Мадақтама

Саралау

- Қолдауды қажет ететін балаларға жеңілдетілген тапсырмалар беріледі.
- Белсенді балаларға қосымша сұрақтар мен жетекшілік міндеттері ұсынылады.

Бағалау

- Ауызша мадақтау;
- «Жарайсың!», «Өте жақсы!», «Тамаша!» сөздері арқылы ынталандыру;
- Белсенді қатысушыларға мадақтама табыстау.

Қауіпсіздік ережелері

- Табиғат аясында мұғалімнен алыс кетпеу;
- Өсімдіктерге, құстарға зиян келтірмеу;
- Қоқыс тастамау;
- Спорттық ойындар кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау;
- Ыстық ауа райында су ішіп, бас киім кию.


Қызықты,
көңілді,
жазғы лагерь!



«Балдәурен» жазғы лагерінің 7.07.2026 ж. ***күні ұйымдастырылған іс-шараларға анықтама***

.

2026 жылғы 7 шілде күні лагерь жоспарына сәйкес «Табиғат – алтын бесігім» тақырыбында танымдық-спорттық іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – тәрбиеленушілердің табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу, табиғат аясында демалысты

тиімді ұйымдастыру, салауатты өмір салтын насихаттау және командалық бірлікті қалыптастыру.

Күн тәртібі бойынша балаларды қабылдау жүргізіліп, қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Одан кейін бой жазу жаттығулары орындалып, балалардың дене белсенділігі арттырылды.

Негізгі бөлімде тәрбиеленушілер «Самал» саябағына саяхат жасап, табиғаттың әсемдігін тамашалады. Саяхат барысында ағаштар, гүлдер, құстар және қоршаған ортаны қорғау туралы әңгіме жүргізіліп, балалар табиғатты аялау, тазалық сақтау және экологиялық мәдениет жөнінде өз ойларын ортаға салды.

Іс-шараның келесі кезеңінде «Шынықтырып денені...» атты командалық спорттық сайыстар ұйымдастырылды. Балалар әртүрлі эстафеталық жарыстарға қатысып, өздерінің шапшаңдықтарын, ептіліктерін және ұйымшылдықтарын көрсетті. Командалар бір-біріне қолдау білдіріп, жарысқа белсенді қатысты.

Іс-шара соңында белсенді қатысқан тәрбиеленушілер мадақталып, кері байланыс жүргізілді. Балалар табиғатты қорғаудың маңызын түсініп, табиғат аясында өзін ұстау мәдениетін меңгерді. Сонымен қатар спорттық ойындар арқылы денсаулықтарын нығайтып, ұйымшылдық пен достық қарым-қатынастарын дамытты.

Қорытынды: «Табиғат – алтын бесігім» атты іс-шара өз мақсатына жетті. Балалар табиғатқа қамқорлық жасаудың маңызын түсініп, салауатты өмір салтын ұстануға және ұжыммен бірлесіп әрекет етуге деген қызығушылықтарын арттырды.

Ақмола облысы

Астрахан ауданы

«Астрахан ауылының № 1 мектеп-гимназиясы» КММ

«Шебер қолдар» күні



Жауапты мұғалімдер: Серикбаева Б.Н.

Утеева З.Ж.

Камитова А.Ж.

Амангельдин Е.Б.

2025 - 2026 оқу жылы

Күні: 8 .07.2026 ж.
Тақырыбы: «Шебер қолдар» күні
Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұсақ қол моторикасын жетілдіру, қиялын ұштау, эстетикалық талғамын қалыптастыру және ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Ермексазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру;
- Балалардың шығармашылық ойлауын дамыту;
- Ашық аспан астындағы ойындар арқылы шапшаңдық пен ұйымшылдыққа баулу.

Қажетті құралдар: Ермексаз, тақтайша, мүсіндеу құралдары, сулықтар, доптар, кегли, секіртпе, шығыршық, ысқырық.

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
1. Қабылдау	09:00–09:15	Балаларды қарсы алып, амандасады. Түгелдейді. Күннің тақырыбы және жоспарымен таныстырады. Қауіпсіздік ережелерін еске салады.	Амандасады. Көңіл күйлерімен бөліседі. Күн жоспарын тыңдайды.
2. Бой жазу жаттығулары	09:15–09:30	Музыка ырғағымен жалпы дамыту жаттығуларын ұйымдастырады. Денсаулыққа пайдалы қимыл-қозғалыстарды көрсетеді.	Жаттығуларды белсенді орындайды. Денесін шынықтырады.
3. Ермексазбен жұмыс	09:30–10:50	Ермексазбен жұмыс жасау тәсілдерін көрсетеді. «Менің сүйікті жануарым», «Гүлдер әлемі» немесе «Табиғат сыйы» тақырыптарының біріне мүсіндеуді ұсынады. Балалардың жұмыстарын бақылап, бағыт-бағдар береді. Дайын жұмыстардан	Ермексаздан өз қиялындағы бұйымды мүсіндейді. Шығармашылық қабілетін көрсетеді. Өз жұмысын таныстырады және достарының жұмыстарын

		шағын көрме ұйымдастырады.	тамашалайды.
4. «Ойнайық та, ойлайық» ашық аспан астындағы ойындар	10:50–11:50	Балаларды топтарға бөліп, логикалық және қимылды ойындар ұйымдастырады («Кім жылдам?», «Арқан тартыс», «Допты дәлде», «Сұраққа жауап бер»). Ойын ережесін түсіндіріп, әділ бағалайды.	Ойындарға белсенді қатысады. Тапқырлық, жылдамдық және ұйымшылдық танытады. Бір-біріне қолдау көрсетеді.
5. Қорытынды. Рефлексия	11:50–12:00	Балалардың шығармашылық жұмыстарын мадақтайды. Белсенді қатысушыларды атап өтеді. «Бүгін не үйрендің?», «Саған қай бөлім ұнады?» сұрақтары арқылы кері байланыс ұйымдастырады.	Өз әсерлерімен бөліседі. Кері байланыс береді. Келесі күнге көтеріңкі көңіл күймен тарайды.

Саралау

- Қолдауды қажет ететін балаларға қарапайым мүсіндеу үлгілері ұсынылады.
- Қабілеті жоғары балаларға күрделі пішіндер жасап, жұмыстарын таныстыру тапсырмасы беріледі.

Бағалау

- Ауызша мадақтау;
- «Жарайсың!», «Өте жақсы!», «Тамаша!» сөздері арқылы ынталандыру;
- Шығармашылық жұмыстар көрмесін ұйымдастыру.

Қауіпсіздік ережелері

- Ермексазды ұқыпты пайдалану;
- Жұмыс орнын таза ұстау;
- Ашық алаңдағы ойын кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау;

- Бір-біріне кедергі келтірмеу және мұғалімнің нұсқауын орындау.

Күтілетін нәтиже

- Ермексазбен жұмыс жасау дағдылары қалыптасады;
- Шығармашылық ойлау мен ұсақ қол моторикасы дамиды;
- Топпен жұмыс жасау, ұйымшылдық және достық қарым-қатынас нығаяды;
- Балалардың танымдық белсенділігі мен қызығушылығы артады.


inCollage



«Балдәурен» жазғы лагерінің 8.07.2026 ж. ***күні ұйымдастырылған іс-шараларға анықтама***

2026 жылғы 22 шілде күні жазғы лагерьдің жұмыс жоспарына сәйкес «Шебер қолдар» күні ұйымдастырылып өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұсақ қол моторикасын жетілдіру, қиялын ұштау, эстетикалық талғамын қалыптастыру және салауатты өмір салтын насихаттау.

Күн бағдарламасы балаларды қабылдау және қауіпсіздік ережелерімен таныстырудан басталды. Кейін балалардың денсаулығын нығайту мақсатында бой жазу жаттығулары өткізілді. Тәрбиеленушілер жаттығуларды белсенді орындап, сергек көңіл күйге бөленді.

Негізгі бөлімде балалар ермексазбен жұмыс жасап, өз қиялдарына сай түрлі мүсіндер әзірледі. Олар жануарлар, гүлдер, жемістер және табиғат көріністерін бейнелеп, шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Дайын жұмыстардан шағын көрме ұйымдастырылып, әр бала өз туындысын таныстырды.

Іс-шараның келесі бөлімінде «Ойнайық та, ойлайық» атты ашық аспан астындағы танымдық әрі қимылды ойындар өткізілді. Балалар түрлі логикалық тапсырмалар мен командалық ойындарға қатысып, өздерінің тапқырлықтарын, шапшаңдықтарын және ұйымшылдықтарын көрсетті. Ойын барысында балалар бір-біріне қолдау білдіріп, ынтымақтастықта жұмыс жасады.

Іс-шара соңында белсенді қатысқан тәрбиеленушілер мадақталып, кері байланыс жүргізілді. Балалар өз әсерлерімен бөлісіп, шығармашылық жұмыстарын мақтанышпен таныстырды.

Қорытынды: «Шебер қолдар» күні өз мақсатына толық жетті. Тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттері дамып, ұсақ қол моторикасы жетілдірілді. Ашық ауадағы ойындар балалардың ойлау қабілетін,ептілігін және ұйымшылдық қасиеттерін дамытуға оң әсерін тигізді. Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, балалардың қызығушылығын арттырды.

Ақмола облысы

Астрахан ауданы

«Астрахан ауылының № 1 мектеп-гимназиясы» КММ

«Абайлаңыз, балақай!»



Жауапты мұғалімдер: Серикбаева Б.Н.

Утеева З.Ж.

Камитова А.Ж.

Амангельдин Е.Б.

2025 - 2026 оқу жылы

Күні: 09.07.2026 ж.
Тақырыбы: «Абайлаңыз, балақай!»
Бағыты: Қауіпсіздік және жол қозғалысы ережелері
Мақсаты:
Балалардың жол қозғалысы ережелері туралы білімдерін кеңейту, жол белгілерін ажырата білуге үйрету, көшеде қауіпсіз жүру дағдыларын қалыптастыру және жауапкершілікке тәрбиелеу.
Міндеттері:

- Жол қозғалысы ережелерін түсіндіру;
- Бағдаршам белгілерінің қызметін меңгерту;
- Жол белгілерін тануға және күнделікті өмірде қолдануға үйрету;
- Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Қажетті құралдар:
Бағдаршам макеті, жол белгілерінің суреттері, көрнекіліктер, түрлі түсті қарындаштар, ақ қағаз, ысқырық, музыка.

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
1. Қабылдау	09:00–09:15	Балаларды қарсы алып, амандасады. Түгелдейді. Күннің тақырыбы және жоспарымен таныстырады. Қауіпсіздік ережелерін еске салады.	Амандасады. Көңіл күйлерімен бөліседі. Күн жоспарын тыңдайды.
2. Бой жазу жаттығулары	09:15–09:30	Музыка ырғағымен жалпы дамыту жаттығуларын өткізеді. Жаттығулардың дұрыс орындалуын бақылайды.	Жаттығуларды белсенді орындайды. Денесін шынықтырады.
3. Жолда жүру ережесімен таныстыру	09:30–10:20	Жол қозғалысы ережелері туралы түсіндіреді. Бағдаршам түстерінің мағынасын және негізгі жол белгілерін таныстырады. Жолдан дұрыс өту жолдарын көрсетеді. Сұрақ-жауап ұйымдастырады.	Мұғалімді тыңдайды. Жол белгілерін атайды. Сұрақтарға жауап береді. Жолда өзін дұрыс ұстау ережелерін меңгереді.
4. «Абайлаңыз, бағдаршам!» білімділер	10:20–11:10	Балаларды топтарға бөліп, танымдық сайыс ұйымдастырады.	Командамен жұмыс істейді. Тапсырмаларды

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
сайысы		«Бағдаршамды тап», «Жол белгісін ата», «Жағдаяттан шығу» тапсырмаларын береді. Белсенді қатысушыларды мадақтайды.	орындайды. Өз білімдерін көрсетеді. Топпен бірлесіп шешім қабылдайды.
5.«Жол белгілері» тақырыбында сурет салу	11:10–11:50	Балаларға жол белгілерінің суреттерін салуды ұсынады. Жұмыстарын бақылап, бағыт береді. Соңында сурет көрмесін ұйымдастырады. Күнді қорытындылайды.	Жол белгілерін бейнелейді. Суреттерін таныстырады. Бір-бірінің жұмыстарын бағалайды.
6. Қорытынды. Рефлексия	11:50–12:00	«Бүгін не үйрендік?», «Қай тапсырма ұнады?» сұрақтары арқылы кері байланыс алады. Белсенді қатысқан балаларды мадақтайды.	Өз пікірлерін білдіреді. Кері байланыс береді. Белсенділік танытады.

Саралау

- Қолдауды қажет ететін балаларға жол белгілерін сурет арқылы тану тапсырмасы беріледі.
- Қабілеті жоғары балаларға жол қозғалысына байланысты жағдаяттарды талдау және шешу ұсынылады.

Бағалау

- Ауызша мадақтау;
- «Жарайсың!», «Өте жақсы!», «Белсенді қатысқаның үшін рахмет!» сөздері арқылы ынталандыру;
- Белсенді қатысушыларды мадақтама қағазымен марапаттау.

Қауіпсіздік ережелері

- Жолдан тек жаяу жүргіншілер өткелі арқылы өту;
- Бағдаршамның жасыл түсінде ғана қозғалу;
- Жолда ойнамау;
- Ересектердің нұсқауын орындау;
- Лагерь аумағында тәртіп сақтау.

Күтілетін нәтиже

- Балалар жол қозғалысы ережелерін біледі және түсінеді;
- Бағдаршам түстерінің қызметін ажыратады;

- Негізгі жол белгілерін таниды және олардың мағынасын түсіндіреді;
- Жолда қауіпсіз жүру мәдениеті қалыптасады;
- Танымдық сайыс пен шығармашылық жұмыс арқылы белсенділігі мен жауапкершілігі артады.




QAZAQSTAN
inCollage



«Балдәурен» жазғы лагерінің 9.07.2026 ж. ***күні ұйымдастырылған іс-шараларға анықтама***

2026 жылғы 09 шілде күні жазғы лагерьдің жұмыс жоспарына сәйкес «Абайлаңыз, балақай!» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты – тәрбиеленушілерге жол қозғалысы ережелерін таныстыру, жолда өзін қауіпсіз ұстау дағдыларын қалыптастыру, жол белгілерінің маңызын түсіндіру және жауапкершілікке тәрбиелеу.

Іс-шара балаларды қабылдап, қауіпсіздік ережелерін еске салудан басталды. Кейін денсаулықты нығайту мақсатында бой жазу жаттығулары өткізілді.

Негізгі бөлімде балаларға жолда жүру ережелері түсіндіріліп, бағдаршамның түстері мен олардың мағынасы, жаяу жүргіншілер өткелі және негізгі жол белгілері туралы мәлімет берілді. Балалар сұрақтарға белсенді жауап беріп, күнделікті өмірде кездесетін жол қозғалысы жағдайларын талқылады.

Одан кейін «Абайлаңыз, бағдаршам!» атты білімділер сайысы ұйымдастырылды. Сайыс барысында тәрбиеленушілер жол белгілерін ажыратып, бағдаршамның қызметі туралы білімдерін көрсетті, түрлі жағдаяттық тапсырмаларды орындап, өздерінің тапқырлықтары мен ұйымшылдықтарын танытты.

Іс-шараның шығармашылық бөлімінде балалар **«Жол белгілері»** тақырыбында сурет салып, өз жұмыстарын таныстырды. Сурет көрмесі ұйымдастырылып, тәрбиеленушілердің шығармашылық ізденістері мен жол қауіпсіздігі туралы түсініктері көрініс тапты.

Іс-шара соңында белсенді қатысқан тәрбиеленушілер мадақталып, кері байланыс жүргізілді. Балалар жолда жүру ережелерін сақтаудың адам өмірі мен денсаулығы үшін маңызды екенін түсініп, қауіпсіздік мәдениеті туралы білімдерін толықтырды.

Қорытынды: «Абайлаңыз, балақай!» тақырыбындағы іс-шара өз мақсатына жетті. Тәрбиеленушілер жол қозғалысы ережелері жөніндегі білімдерін кеңейтіп, жол белгілерін тану және жолда өзін қауіпсіз ұстау дағдыларын жетілдірді. Іс-шара балалардың қызығушылығын арттырып, олардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға оң ықпал етті.

Ақмола облысы

Астрахан ауданы

«Астрахан ауылының № 1 мектеп-гимназиясы» КММ

«Достық» күні



Жауапты мұғалімдер: Серикбаева Б.Н.

Утеева З.Ж.

Камитова А.Ж.

Амангельдин Е.Б.

2025 - 2026 оқу жылы

Күні: 10.07.2026 ж.
Тақырыбы: «Достық» күні
Бағыты: Рухани-адамгершілік тәрбие
Мақсаты:
Балалардың бір-біріне деген сыйластығын, достық қарым-қатынасын нығайту, ұйымшылдыққа, мейірімділікке, өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу.
Міндеттері:

- Достық туралы түсініктерін кеңейту;
- Өз ойын еркін жеткізуге және достарына ізгі тілек айтуға үйрету;
- Бірлескен іс-әрекет арқылы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Қажетті құралдар:
Музыка, түрлі түсті қағаздар, маркерлер, жүрекше пішіндері, тілек жазатын қағаздар, смайликтер.

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
1. Қабылдау	09:00–09:15	Балаларды жылы қарсы алып, түгелдейді. Күннің тақырыбы және жоспарымен таныстырады. Көңіл күй шеңберін ұйымдастырады.	Амандасады. Бір-біріне жылы лебіз білдіреді. Күн жоспарын тыңдайды.
2. Бой жазу жаттығулары	09:15–09:30	Музыка ырғағымен жалпы дамыту жаттығуларын өткізеді. Жаттығулардың дұрыс орындалуын қадағалайды.	Жаттығуларды белсенді орындайды. Сергиді, денесін шынықтырады.
3. «Досыма тілек» тренингі	09:30–10:30	Балаларды шеңберге тұрғызады. Достық туралы қысқаша әңгіме жүргізеді. Әр балаға жүрекше қағаз таратып, досына жақсы тілек немесе жылы сөз жазуды ұсынады. Балалардың тілектерін тыңдап, өзара сыйластықтың маңызын түсіндіреді.	Досына жүрекжарды тілегін жазады және айтып береді. Өз ойымен бөліседі. Бір-бірін тыңдап, құрмет көрсетеді.
4. «Достық көпірі» сергіту ойындары	10:30–11:15	Балаларды жұптық және топтық ойындарға қатыстырады («Комплимент айту», «Шаттық шеңбері», «Достық көпірі»).	Ойындарға белсенді қатысады. Бірлесіп әрекет етеді. Бір-біріне қолдау көрсетеді.

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
5. Қорытынды. Рефлексия	11:15–11:30	Ұйымшылдыққа бағыт береді. «Достық деген не?», «Бүгін кімге жақсы көңіл күй сыйладың?» сұрақтары арқылы кері байланыс жүргізеді. Белсенді балаларды мадақтайды.	Өз әсерлерімен бөліседі. Кері байланыс береді. Достарына алғыс айтады.

Саралау

- Қолдауды қажет ететін балаларға дайын тілек үлгілері ұсынылады.
- Қабілеті жоғары балаларға достық туралы мақал-мәтел немесе өлең айту ұсынылады.

Бағалау

- Ауызша мадақтау;
- «Жарайсың!», «Өте жақсы!», «Тамаша!» сөздері арқылы ынталандыру;
- Белсенді қатысушыларды мадақтау.


Қауіпсіздік ережелері

- Бір-бірін құрметтеу;
- Ойын кезінде тәртіп сақтау;
- Мұғалімнің нұсқауын орындау.

Күтілетін нәтиже

- Балалардың достық туралы түсінігі кеңейеді;
- Өз ойын еркін жеткізу және жақсы тілек айту дағдылары қалыптасады;
- Өзара сыйластық, ұйымшылдық және достық қарым-қатынас нығаяды;
- Бірлесіп жұмыс жасау мәдениеті дамиды.








inCollage



«Балдәурен» жазғы лагерінің 10.07.2026 ж. ***күні ұйымдастырылған іс-шараларға анықтама***

2026 жылғы 10 шілде күні жазғы лагерьдің жұмыс жоспарына сәйкес **«Достық» күні** тақырыбында тәрбиелік іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – тәрбиеленушілер арасында достықты, сыйластықты және өзара қолдау көрсету мәдениетін қалыптастыру, балаларды ұйымшылдыққа, мейірімділікке және адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу.

Іс-шара балаларды қабылдап, күннің жоспарымен таныстырудан басталды. Қауіпсіздік ережелері еске салынып, балалардың көңіл күйін көтеру мақсатында бой жазу жаттығулары өткізілді.

Негізгі бөлімде **«Досыма тілек»** атты психологиялық тренинг ұйымдастырылды. Тренинг барысында тәрбиеленушілер бір-біріне жүрекжарды тілектерін айтып, жылы лебіздерін білдірді. Балалар достықтың қадірі, өзара құрмет пен қамқорлық туралы ой бөлісіп, бір-біріне жақсы көңіл күй сыйлады. Бұл жұмыс олардың қарым-қатынас мәдениетін дамытуға және ұжымдағы достық атмосфераны нығайтуға ықпал етті.

Одан кейін балалар жұптық және топтық ойындарға қатысып, бірлесіп әрекет ету, бір-бірін тыңдау және қолдау көрсету дағдыларын көрсетті. Іс-шара барысында тәрбиеленушілер белсенділік танытып, ұйымшылдық пен татулықтың маңызын түсінді.

Іс-шара соңында балалар өз әсерлерімен бөлісіп, кері байланыс жүргізілді. Белсенді қатысқан тәрбиеленушілер мадақталып, достықтың адам өміріндегі орны туралы қорытынды әңгіме өткізілді.

Қорытынды: «Достық» күні өз мақсатына толық жетті. Балалардың бір-біріне деген сыйластығы мен достық қарым-қатынасы нығайып, өзара көмек көрсету, жылы сөз айту және ұжыммен жұмыс жасау дағдылары дамыды. Іс-шара тәрбиеленушілердің адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға және жағымды психологиялық ахуал орнатуға оң ықпал етті.

Ақмола облысы

Астрахан ауданы

«Астрахан ауылының № 1 мектеп-гимназиясы» КММ

«Театр» күні



Жауапты мұғалімдер: Серикбаева Б.Н.

Утеева З.Ж.

Камитова А.Ж.

Амангельдин Е.Б.

2025 - 2026 оқу жылы

Күні: 13.07.2026 ж.
Тақырыбы: «Театр» күні
Бағыты: Шығармашылық және эстетикалық тәрбие

Мақсаты:

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сахна мәдениетін қалыптастыру, рөлдік ойындар арқылы еркін сөйлеу, өз ойын көркем жеткізу дағдыларын жетілдіру, өнерге деген қызығушылықтарын арттыру.

Міндеттері:

- Театр өнері туралы түсініктерін кеңейту;
- Қуыршақ театры арқылы кейіпкерлердің мінез-құлқын сомдай білуге үйрету;
- Балалардың сөйлеу мәдениетін, қиялын және актерлік шеберлігін дамыту;
- Би және қимылды ойындар арқылы белсенділік пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Қажетті құрал-жабдықтар:

Қуыршақтар, бетперделер, ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары, музыкалық сүйемелдеу, түрлі-түсті шарлар, шағын сахна безендірулері, марапаттау қағаздары.

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
1. Қабылдау	09:00–09:15	Балаларды жылы қарсы алып, амандасады. Түгелдейді. Күннің тақырыбы және жоспарымен таныстырады. Көңілді психологиялық ахуал қалыптастырады. Қауіпсіздік ережелерін еске салады.	Амандасады. Көңіл күйлерімен бөліседі. Күннің жоспарын тыңдайды.
2. Бой жазу жаттығулары	09:15–09:30	Музыкалық сүйемелдеумен жалпы дамыту жаттығуларын өткізеді. Би қимылдарын қосып, балалардың сергек көңіл	Жаттығуларды белсенді орындайды. Қимыл-қозғалысқа қатысып, сергиді.

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
		күйін қалыптастырады.	
3. «Қуыршақтар театры» тақырыбында рөлдік ойындар	09:30–10:50	Балаларды шағын топтарға бөледі. Қуыршақтар мен ертегі кейіпкерлерін таныстырады. Әр топқа қысқа ертегі немесе жағдаят ұсынып, рөлдерді бөліп береді. Кейіпкерлердің дауыс ырғағын, қимылын және сахна мәдениетін көрсетуге бағыт береді. Қойылымнан кейін балалардың өнерін бағалап, мадақтайды.	Кейіпкерлердің рөлін сомдайды. Қуыршақтарды пайдаланып қойылым көрсетеді. Өз ойын еркін жеткізіп, сахнада өзін сенімді ұстайды. Топпен бірлесе жұмыс істейді.
4. «Биле, биле!» көңілді ойындар	10:50–11:40	Музыкалық-би ойындарын ұйымдастырады («Әуенді жалғастыр», «Қимылды қайтала», «Би шеңбері», «Көңілді флешмоб»). Балалардың белсенді қатысуын қадағалап, көтеріңкі көңіл күй қалыптастырады.	Би ойындарына белсенді қатысады. Музыка ырғағымен еркін қозғалады. Бір-біріне қолдау көрсетіп, көтеріңкі көңіл күй сыйлайды.
5. Қорытынды. Рефлексия	11:40–12:00	Күнді қорытындылап, «Бүгінгі кейіпкерің саған несімен ұнады?», «Театрдан не үйрендің?» сұрақтары арқылы кері байланыс ұйымдастырады. Белсенді балаларды марапаттайды.	Өз әсерлерімен бөліседі. Кері байланыс береді. Достарының өнеріне ризашылық білдіреді.

Саралау

- Қолдауды қажет ететін балаларға қысқа әрі жеңіл рөлдер ұсынылады.
- Қабілеті жоғары балаларға жүргізуші немесе негізгі кейіпкер рөлдері беріледі.

Бағалау

- Ауызша мадақтау;
- «Өте жақсы!», «Керемет өнер көрсеттің!», «Жарайсың!» сөздері арқылы ынталандыру;
- Белсенді қатысушыларды марапаттау.

Қауіпсіздік ережелері

- Сахнада және ойын кезінде тәртіп сақтау;
- Қуыршақтар мен реквизиттерді ұқыпты пайдалану;
- Би кезінде арақашықтықты сақтау;
- Мұғалімнің нұсқауларын орындау.

Күтілетін нәтиже

- Балалардың театр өнеріне қызығушылығы артады;
- Рөлдік ойындар арқылы сөйлеу мәдениеті мен шығармашылық қабілеттері дамиды;
- Сахнада еркін өнер көрсету дағдылары қалыптасады;
- Бірлескен жұмыс, достық қарым-қатынас және ұйымшылдық нығаяды;
- Би ойындары арқылы көтеріңкі көңіл күй қалыптасып, белсенділігі артады.




STOP




STOP




ЖАЗ-2026



«Балдәурен» жазғы лагерінің 13.07.2026 ж. ***күні ұйымдастырылған іс-шараларға анықтама***

2026 жылғы 13 шілде күні жазғы лагерьдің жұмыс жоспарына сәйкес «Театр» күні тақырыбында шығармашылық-танымдық іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, театр өнеріне қызығушылығын арттыру, сахна мәдениетін қалыптастыру, еркін сөйлеуге және өз ойын көркем жеткізуге тәрбиелеу.

Іс-шара балаларды қабылдап, күннің жоспарымен таныстырудан басталды. Балалардың көңіл күйін көтеру және дене белсенділігін арттыру мақсатында бой жазу жаттығулары ұйымдастырылды.

Негізгі бөлімде «Қуыршақтар театры» тақырыбында рөлдік ойындар өткізілді. Балалар топтарға бөлініп, әртүрлі ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін сомдады. Қуыршақтарды пайдалана отырып, шағын қойылымдар көрсетті. Тәрбиеленушілер кейіпкерлердің мінезін, дауыс ырғағын, іс-әрекетін бейнелеп, өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Рөлдік ойын барысында балалардың қиялы, сөйлеу мәнері және топпен жұмыс жасау дағдылары дамыды.

Іс-шараның келесі бөлімінде «Биле, биле!» атты көңілді ойындар ұйымдастырылды. Балалар әуен ырғағымен түрлі би қимылдарын орындап, флешмобтарға қатысты. Музыкалық ойындар арқылы балалардың белсенділігі артып, көтеріңкі көңіл күй қалыптасты.

Іс-шара соңында балалардың өнері бағаланып, белсенді қатысушылар мадақталды. Кері байланыс барысында тәрбиеленушілер өз әсерлерімен бөлісіп, театр күнінің қызықты өткенін атап өтті.

Қорытынды: «Театр» күні өз мақсатына жетті. Іс-шара барысында балалардың шығармашылық қабілеттері дамып, сахнада өзін еркін ұстау, бір-бірімен қарым-қатынас жасау және топпен жұмыс істеу дағдылары қалыптасты. Театр арқылы балалар өнердің маңызын түсініп, өз таланттарын көрсетуге мүмкіндік алды.

Ақмола облысы

Астрахан ауданы

«Астрахан ауылының № 1 мектеп-гимназиясы» КММ

«Ұлттық дәстүр – мақтанышымыз» күні



Жауапты мұғалімдер: Серикбаева Б.Н.

Утеева З.Ж.

Камитова А.Ж.

Амангельдин Е.Б.

2025 - 2026 оқу жылы

Күні: 14.07.2026 ж.
Тақырыбы: «Ұлттық дәстүр – мақтанышымыз» күні
Бағыты: Ұлттық тәрбие және мәдени құндылықтарды насихаттау

Мақсаты:

Балаларға қазақ халқының ұлттық дәстүрлері мен мәдени құндылықтарын таныстыру, ұлттық ойындар арқылы ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу, ұлттық тағам түрлеріне қызығушылығын арттыру.

Міндеттері:

- Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту;
- Ұлттық ойындар арқылы балалардың дене белсенділігін дамыту;
- Ұлттық тағамдарды дайындау мәдениетімен таныстыру;
- Отансүйгіштікке, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Қажетті құралдар:

Асықтар, арқан, ұлттық ойындарға қажетті құралдар, құрт жасауға арналған ыдыстар, сүт өнімдері, дастарқан, ұлттық бұйымдар.

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
1. Қабылдау	09:00–09:15	Балаларды қарсы алып, амандасады. Түгелдейді. Күннің тақырыбы мен жоспарымен таныстырады. Ұлттық құндылықтар туралы қысқаша түсінік береді.	Амандасады. Күн жоспарын тыңдайды. Ұлттық дәстүрлер туралы өз ойларын айтады.
2. Бой жазу жаттығулары	09:15–09:30	Музыка сүйемелдеуімен жалпы дамыту жаттығуларын ұйымдастырады. Балалардың белсенді қатысуын бақылайды.	Жаттығуларды орындайды. Денесін шынықтырады, сергиді.
3. Ұлттық ойындар және қазақ халқының	09:30–10:50	Балаларға қазақ халқының ұлттық ойындары туралы түсіндіреді. **«Асық ату»,**	Ұлттық ойындарға белсенді қатысады. Асық атып, арқан

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
құндылықтары туралы әңгіме		**«Арқан тартыс»** ойындарын ұйымдастырады. Ойын ережелерін түсіндіріп, қауіпсіздікті қадағалайды. Ойын барысында қазақ халқының қонақжайлығы, үлкенді сыйлау, бірлік, достық сияқты құндылықтары туралы әңгіме жүргізеді.	тартысқа қатысады. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен құндылықтары туралы пікір білдіреді.
4. «Құрт party» – құрт жасау	10:50–11:50	Балаларға құрттың жасалу жолы, қазақ дастарқанындағы орны туралы мәлімет береді. Құрт жасау барысын көрсетеді. Балалардың жұмысын ұйымдастырып, қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалайды.	Құрт жасау үдерісіне қатысады. Ұлттық тағам дайындау жолымен танысады. Өз қолдарымен жасаған тағамдарын тамашалайды.
5. Қорытынды. Рефлексия	11:50–12:00	Күнді қорытындылайды. Балалардың белсенділігін бағалайды. «Бүгін қандай ұлттық құндылықпен таныстың?», «Қай бөлім ұнады?» сұрақтары арқылы кері байланыс алады.	Өз әсерлерімен бөліседі. Ұлттық дәстүрлер туралы алған білімдерін айтады.

Саралау

- Қолдауды қажет ететін балаларға ұлттық ойындардың жеңіл түрлері ұсынылады.
- Белсенді балаларға ұлттық дәстүрлер туралы қосымша мәлімет айту тапсырмасы беріледі.

Бағалау

- Ауызша мадақтау;
- Белсенді қатысушыларды атап өту;
- Шығармашылық және топтық жұмыстарын бағалау.

Қауіпсіздік ережелері

- Ұлттық ойындар кезінде арақашықтық сақтау;
- Құралдарды ұқыпты пайдалану;
- Тағам дайындау кезінде тазалық ережелерін сақтау;
- Мұғалімнің нұсқауын орындау.

Күтілетін нәтиже

- Балалар қазақ халқының ұлттық дәстүрлері мен құндылықтары туралы білімдерін кеңейтеді;
- Ұлттық ойындарға қызығушылығы артады;
- Ұлттық тағам дайындау мәдениетімен танысады;
- Бірлікке, ұйымшылдыққа, ұлттық мұраны құрметтеуге тәрбиеленеді.













«Балдәурен» жазғы лагерінің 14.07.2026 ж. ***күні ұйымдастырылған іс-шараларға анықтама***

2026 жылғы 14 шілде күні жазғы лагерьдің жұмыс жоспарына сәйкес «Ұлттық дәстүр – мақтанышымыз» тақырыбында ұлттық-танымдық іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – балаларға қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері мен мәдени құндылықтарын таныстыру, ұлттық мұраға деген құрмет сезімін қалыптастыру, ұлттық ойындар арқылы ептілік пен ұйымшылдық қасиеттерін дамыту.

Іс-шара балаларды қабылдап, күннің жоспарымен таныстырудан басталды. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында бой жазу жаттығулары жүргізіліп, олар белсенді қатысты.

Негізгі бөлімде балаларға қазақ халқының ұлттық ойындары таныстырылды. «Асық ату», «Арқан тартыс» ойындары ұйымдастырылып, тәрбиеленушілер жарысқа белсенді қатысты. Ойын барысында балалар шапшаңдық, ептілік, батылдық және ұйымшылдық қасиеттерін көрсетті. Сонымен қатар қазақ халқының салт-дәстүрлері, ұлттық құндылықтары, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, қонақжайлық пен бірлік туралы тәрбиелік әңгіме жүргізілді.

Іс-шараның ерекше бөлімі «Құрт party» атты ұлттық тағам дайындау шарасымен жалғасты. Балалар құрттың жасалу жолымен танысып, оның қазақ халқының тұрмысындағы маңызы туралы мәлімет алды. Өз қолдарымен құрт жасауға қатысып, ұлттық тағам дайындау мәдениетін меңгерді.

Іс-шара соңында балалар өз әсерлерімен бөлісіп, ұлттық дәстүрлер туралы алған білімдерін ортаға салды. Белсенді қатысқан тәрбиеленушілер мадақталды.

Қорытынды: «Ұлттық дәстүр – мақтанышымыз» күні өз мақсатына жетті. Іс-шара барысында балалар қазақ халқының бай мәдениеті мен ұлттық құндылықтары туралы білімдерін толықтырды. Ұлттық ойындар мен ұлттық тағам дайындау арқылы балалардың отансүйгіштік сезімі, салт-дәстүрге деген құрметі және шығармашылық белсенділігі артты.

Ақмола облысы

Астрахан ауданы

«Астрахан ауылының № 1 мектеп-гимназиясы» КММ

«Art-студия» күні



Жауапты мұғалімдер: Серикбаева Б.Н.

Утеева З.Ж.

Камитова А.Ж.

Амангельдин Е.Б.

2025 - 2026 оқу жылы

Күні: 15.07.2026 ж.
Тақырыбы: «Art-студия» күні
Бағыты: Шығармашылық-эстетикалық тәрбие

Мақсаты:

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, өнерге деген қызығушылығын арттыру, табиғатты көркем бейнелеуге үйрету, қолөнер арқылы эстетикалық талғамын қалыптастыру.

Міндеттері:

- Балаларды шығармашылық орталармен таныстыру;
- Сурет салу, композиция құрастыру дағдыларын жетілдіру;
- Табиғатты бақылау арқылы көркем ойлау қабілеттерін дамыту;
- Қолөнер бұйымдарын бағалауға және өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

Қажетті құралдар:

Сурет дәптері, ақ қағаз, түрлі түсті қарындаштар, бояулар, қылқаламдар, қолөнер бұйымдары, көрме жабдықтары.

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
1. Қабылдау	09:00–09:15	Балаларды қарсы алып, амандасады. Түгелдейді. Күннің тақырыбы мен жоспарымен таныстырады. Қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді.	Амандасады. Күн жоспарын тыңдайды. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға дайындалады.
2. Бой жазу жаттығулары	09:15–09:30	Музыка әуенімен сергіту және жалпы дамыту жаттығуларын ұйымдастырады. Балалардың белсенділігін арттырады.	Жаттығуларды орындайды. Көңіл күйлері көтеріледі, сергиді.
3. Аудандық балалар шығармашылық үйіне саяхат	09:30–10:40	Балаларды шығармашылық үйіне саяхатқа апарады. Ондағы үйірмелер, өнер бағыттары, қолөнер және сурет жұмыстары туралы таныстырады.	Шығармашылық үйімен танысады. Сурет, қолөнер жұмыстарын тамашалайды. Қызығушылық танытып, сұрақтар

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
		Балалардың сұрақтарына жауап береді. Қауіпсіздік тәртібін бақылайды.	қояды.
4. Табиғатта сурет салу және сюжетті композиция жасау	10:40–11:40	Балаларға табиғатты бақылау арқылы сурет салу тапсырмасын береді. Сюжетті композиция құру жолдарын түсіндіреді. Жұмыстарын орындауға бағыт береді.	Табиғат көріністерін бейнелейді. Өз қиялы бойынша композиция құрастырады. Шығармашылық қабілетін көрсетеді.
5. Қолөнер көрмесін ұйымдастыру	11:40–12:00	Балалардың жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады. Әр жұмысты бағалап, балалардың еңбегін мадақтайды.	Өз жұмыстарын таныстырады. Достарының еңбегін бағалайды. Көрмеге белсенді қатысады.

Саралау

- Қолдауды қажет ететін балаларға дайын үлгілер мен жеңіл тапсырмалар ұсынылады.
- Қабілеті жоғары балаларға күрделі композициялар жасауға мүмкіндік беріледі.

Бағалау

- Ауызша мадақтау;
- Шығармашылық жұмыстарды бағалау;
- Белсенді қатысушыларды атап өту.

Қауіпсіздік ережелері

- Сурет құралдарын ұқыпты пайдалану;
- Саяхат кезінде тәртіп сақтау;
- Табиғатқа зиян келтірмеу;

- Мұғалімнің нұсқауын орындау.

Күтілетін нәтиже

- Балалардың шығармашылық қабілеттері дамиды;
- Сурет салу және композиция құру дағдылары жетіледі;
- Өнер мен қолөнерге қызығушылығы артады;
- Табиғатты эстетикалық тұрғыдан қабылдау қабілеті қалыптасады;
- Өз еңбегін бағалау және құрметтеу дағдылары дамиды.


inCollage


inCollage



«Балдәурен» жазғы лагерінің 15.07.2026 ж. ***күні ұйымдастырылған іс-шараларға анықтама***

2026 жылғы 15 шілде күні жазғы лагерьдің жұмыс жоспарына сәйкес **«Art-студия» күні** тақырыбында шығармашылық бағыттағы іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, өнерге деген қызығушылығын арттыру, табиғатты көркем бейнелеуге үйрету, эстетикалық талғамын қалыптастыру және қолөнер арқылы өз мүмкіндіктерін көрсетуге жағдай жасау.

Іс-шара балаларды қабылдап, күннің жоспарымен таныстырудан басталды. Балалардың дене белсенділігін арттыру мақсатында бой жазу жаттығулары жүргізіліп, тәрбиеленушілер белсенді қатысты.

Негізгі бөлімде балалар **Аудандық балалар шығармашылық үйіне** саяхат жасады. Саяхат барысында тәрбиеленушілер шығармашылық үйіндегі үйірмелермен, түрлі өнер бағыттарымен, сурет және қолөнер жұмыстарымен танысты. Балалар өнер туындыларын қызығушылықпен тамашалап, өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды.

Келесі кезеңде табиғат аясында **сурет салу және сюжетті композиция жасау** жұмыстары ұйымдастырылды. Балалар қоршаған ортаны бақылап, табиғат көріністерін қағаз бетіне түсірді. Өз қиялдары арқылы түрлі композициялар жасап, шығармашылық қабілеттерін көрсетті.

Іс-шара соңында балалардың жасаған суреттері мен қолөнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырылды. Тәрбиеленушілер өз жұмыстарын таныстырып, бір-бірінің еңбектерін бағалады. Белсенді қатысқан балалар мадақталды.


Қорытынды: «Art-студия» күні өз мақсатына жетті. Іс-шара барысында балалардың шығармашылық ойлау қабілеттері дамып, өнерге деген қызығушылықтары артты. Табиғатты бейнелеу және қолөнер жұмыстарын орындау арқылы олардың эстетикалық талғамы қалыптасып, өз еңбегін бағалау дағдылары жетілді.

Ақмола облысы

Астрахан ауданы

«Астрахан ауылының № 1 мектеп-гимназиясы» КММ

«Quiz show» күні



Жауапты мұғалімдер: Серикбаева Б.Н.

Утеева З.Ж.

Камитова А.Ж.

Амангельдин Е.Б.

2025 - 2026 оқу жылы

Күні: 16.07.2026 ж.
Тақырыбы: «Quiz show» күні
Бағыты: Танымдық-ойын-сауық және интеллектуалдық тәрбие

Мақсаты:

Балалардың ой-өрісін кеңейту, білімге деген қызығушылығын арттыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту, топпен жұмыс жасауға және өз ойын еркін жеткізуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Балалардың білім деңгейін тексеру және толықтыру;
- Логикалық тапсырмаларды шешу қабілеттерін дамыту;
- Топтық жұмыс арқылы ұйымшылдыққа, бір-бірін тыңдауға тәрбиелеу;
- Жылдам ойлау, тапқырлық және белсенділік дағдыларын қалыптастыру.

Қажетті құралдар:

Сұрақтар жинағы, карточкалар, бағалау парақтары, интерактивті тақта (қажет болған жағдайда), марапаттау қағаздары.

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
1. Қабылдау	09:00–09:15	Балаларды қарсы алып, амандасады. Түгелдейді. Күннің тақырыбы мен жоспарымен таныстырады. Балалардың көңіл күйін көтеру мақсатында қысқа әңгіме жүргізеді.	Амандасады. Күн жоспарын тыңдайды. Өз көңіл күйлерімен бөліседі.
2. Бой жазу жаттығулары	09:15–09:30	Музыка сүйемелдеуімен сергіту жаттығуларын өткізеді. Қимылды жаттығулар арқылы балалардың белсенділігін арттырады.	Жаттығуларды орындайды. Сергиді, белсенділік танытады.
3. «Білімді мыңды жығар» интеллектуалды	09:30–11:30	Балаларды топтарға бөледі. Жарыстың ережесін түсіндіреді. Түрлі	Топ құрамында сайысқа қатысады. Сұрақтарға жауап

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
топтық жарысы		кезеңдерден тұратын сайыс ұйымдастырады: «Бәйге», «Ойлан тап», «Жұмбақтар әлемі», «Логикалық тапсырмалар», «Тапқыр болсаң, тауып көр». Әр топтың жауаптарын бағалап, әділ қорытынды шығарады.	береді, логикалық тапсырмаларды орындайды. Өз білімдерін көрсетіп, топпен бірлесіп жұмыс жасайды.
4. Қорытынды. Рефлексия	11:30–12:00	Жарыс нәтижесін шығарады. Жеңімпаз топтарды және белсенді қатысушыларды мадақтайды. «Бүгін не үйрендік?» сұрағы арқылы кері байланыс алады.	Өз әсерлерімен бөліседі. Сайыс туралы пікір айтады. Жеңімпаздарды құттықтайды.

Саралау

- Қолдауды қажет ететін балаларға жеңіл деңгейдегі сұрақтар беріледі.
- Белсенді және қабілетті балаларға күрделі логикалық тапсырмалар ұсынылады.

Бағалау

- Топтық ұпай жинау арқылы бағалау;
- Ауызша мадақтау;
- Жеңімпаздарды марапаттау.

Қауіпсіздік ережелері

- Сайыс кезінде тәртіп сақтау;
- Бір-бірінің жауабын құрметтеу;
- Топ мүшелерімен ынтымақтастықта жұмыс жасау.

Күтілетін нәтиже

- Балалардың білімге қызығушылығы артады;
- Логикалық ойлау және шапшаң шешім қабылдау қабілеттері дамиды;

- Топпен жұмыс жасау дағдылары қалыптасады;
- Өз ойын еркін жеткізуге үйренеді.










«Балдәурен» жазғы лагерінің 16.07.2026 ж. ***күні ұйымдастырылған іс-шараларға анықтама***

2026 жылғы 16 шілде күні жазғы лагерьдің жұмыс жоспарына сәйкес «Quiz show» күні тақырыбында танымдық-интеллектуалдық іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру, ой-өрісін кеңейту, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, топпен жұмыс жасауға және өз ойын еркін жеткізуге тәрбиелеу.

Іс-шара балаларды қабылдап, күннің жоспарымен таныстырудан басталды. Балалардың дене белсенділігін арттыру мақсатында бой жазу жаттығулары ұйымдастырылып, тәрбиеленушілер белсенді қатысты.

Негізгі бөлімде «Білімді мыңды жығар» атты интеллектуалды топтық жарыс өткізілді. Балалар бірнеше топқа бөлініп, түрлі кезеңдер бойынша өз білімдерін сынады. Сайыс барысында «Бәйге», «Ойлан тап», «Жұмбақтар әлемі», «Логикалық тапсырмалар» сияқты бөлімдер ұйымдастырылды.

Тәрбиеленушілер сұрақтарға жауап беріп, тапқырлықтарын, жылдам ойлау қабілеттерін және білімдерін көрсетті. Топтық жарыс барысында балалар бір-бірімен ақылдасып, ұйымшылдықпен жұмыс жасап, өзара қолдау көрсетті.

Іс-шара соңында сайыс қорытындысы шығарылып, белсенді қатысушылар мен жеңімпаз топтар мадақталды. Балалар өз әсерлерімен бөлісіп, алған білімдері мен жаңа қызықты ақпараттары туралы пікірлерін білдірді.

Қорытынды: «Quiz show» күні өз мақсатына жетті. Іс-шара барысында балалардың танымдық белсенділігі артып, логикалық ойлау, шапшаңдық, тапқырлық және топпен жұмыс жасау дағдылары дамыды. Интеллектуалды сайыс балалардың білімге деген қызығушылығын арттырып, жағымды көңіл күй қалыптастырды.

Ақмола облысы

Астрахан ауданы

«Астрахан ауылының № 1 мектеп-гимназиясы» КММ

«Бақытты бала» күні



Жауапты мұғалімдер: Серикбаева Б.Н.

Утеева З.Ж.

Камитова А.Ж.

Амангельдин Е.Б.

2025 - 2026 оқу жылы

Күні: 17.07.2026 ж.
Тақырыбы: «Бақытты бала» күні
Бағыты: Салауатты өмір салты және дене шынықтыру

Мақсаты:

Балалардың денсаулығын нығайту, судағы қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету, көңілді демалыс арқылы жағымды көңіл күй қалыптастыру, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру.

Міндеттері:

- Балалардың дене белсенділігін дамыту;
- Бассейнде қауіпсіздік ережелерін меңгерту;
- Сумен ойындар арқылыептілік пен шапшаңдықты жетілдіру;
- Балалардың достық қарым-қатынасын нығайту.

Қажетті құралдар:

Суға арналған құралдар (доптар, шеңберлер, ойыншықтар), сүлгі, су киімдері, алғашқы көмек қобдишасы.

Кезеңдері	**Уақыты**	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**
1. Ұйымдастыру жаттығу сәті	09:00–09:15	Балаларды қарсы алады. Түгелдейді. Күннің тақырыбы мен жоспарымен таныстырады. Бассейнге бару кезіндегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді.	Амандасады. Күн жоспарын тыңдайды. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға дайындалады.
2. Бой жазу жаттығулары	09:15–09:30	Жалпы дамыту жаттығуларын ұйымдастырады. Қол, аяқ,	Жаттығуларды белсенді орындайды. Денесін

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
		тыныс алу жаттығуларын орындатады.	шынықтырады, сергиді.
3. Бассейнге бару	09:30–11:00	Балаларды бассейнге апарады. Жол және су қауіпсіздігі ережелерін қадағалайды. Бассейндегі тәртіпті бақылайды. Балаларға суда дұрыс жүзу және өзін ұстау ережелерін түсіндіреді.	Бассейнде қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Суда еркін қозғалып, жүзу дағдыларын жетілдіреді.
4. Сумен әртүрлі ойындар ұйымдастыру	11:00–11:40	Балаларға арналған көңілді су ойындарын ұйымдастырады: «Су жарысы», «Допты жеткіз», «Кім жылдам?», «Су эстафетасы». Ойын барысында қауіпсіздікті бақылайды.	Сумен ойындарға белсенді қатысады. Командалық жарыстарда ұйымшылдық танытады. Достарымен бірге көңілді уақыт өткізеді.
5. Қорытынды. Рефлексия	11:40–12:00	Балалардың әсерін сұрайды. Белсенді қатысушыларды мадақтайды. Бүгінгі күннің қызықты сәттерін қорытындылайды.	Өз әсерлерімен бөліседі. Кері байланыс береді.

Саралау

- Қолдауды қажет ететін балаларға жеңіл су жаттығулары ұсынылады.
- Белсенді балаларға командалық ойындарда жетекшілік ету мүмкіндігі беріледі.

Бағалау

- Ауызша мадақтау;
- Белсенді қатысушыларды атап өту;
- Командалық ойындардағы белсенділігін бағалау.

Қауіпсіздік ережелері

- Бассейнде мұғалімнің нұсқауын орындау;
- Суға рұқсатсыз түспеу;
- Бір-бірін итермеу және қауіпсіздік сақталуын қадағалау;
- Суда абай болу;
- Жеке тазалық ережелерін сақтау.

Күтілетін нәтиже

- Балалар судағы қауіпсіздік ережелерін біледі;
- Дене шынықтыру белсенділігі артады;
- Сумен ойындар арқылы ептілік, шапшаңдық қасиеттері дамиды;
- Балалардың көңіл күйі көтеріліп, достық қарым-қатынасы нығаяды.


NIKE








NIKE




inCollage



«Балдәурен» жазғы лагерінің 17.07.2026 ж. ***күні ұйымдастырылған іс-шараларға анықтама***

2026 жылғы 17 шілде күні жазғы лагерьдің жұмыс жоспарына сәйкес «Бақытты бала» күні тақырыбында спорттық-сауықтыру бағытындағы іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – балалардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау, судағы қауіпсіздік ережелерін үйрету, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру және көңілді демалыс ұйымдастыру.

Іс-шара балаларды қабылдап, ұйымдастыру жаттығу сәтінен басталды. Балалар күннің жоспарымен танысып, бассейнге бару кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы нұсқаулық алды.

Келесі кезеңде балалардың дене белсенділігін арттыру мақсатында бой жазу жаттығулары өткізілді. Тәрбиеленушілер жаттығуларды белсенді орындап, сергек көңіл күй қалыптастырды.

Негізгі бөлімде балалар бассейнге барып, судағы қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, жүзу жаттығуларына қатысты. Суда өзін дұрыс ұстау, қауіпсіздік талаптарын орындау туралы түсініктері кеңейтілді.

Сонымен қатар сумен әртүрлі ойындар ұйымдастырылды. Балалар «Су жарысы», «Доппен ойындар», «Су эстафетасы» сияқты қызықты ойындарға қатысып, шапшаңдық, ептілік және ұйымшылдық қасиеттерін көрсетті. Ойын барысында балалар бір-біріне қолдау көрсетіп, көтеріңкі көңіл күймен белсенділік танытты.

Іс-шара соңында балалар өз әсерлерімен бөлісіп, көңілді өткен күннің қорытындысын жасады. Белсенді қатысушылар мадақталды.

Қорытынды: «Бақытты бала» күні өз мақсатына жетті. Іс-шара барысында балалардың денсаулығын нығайтуға, белсенді демалысын ұйымдастыруға және достық қарым-қатынасын дамытуға мүмкіндік жасалды. Балалар судағы қауіпсіздік ережелерін меңгеріп, салауатты өмір салтының маңызын түсінді.

Ақмола облысы

Астрахан ауданы

«Астрахан ауылының № 1 мектеп-гимназиясы» КММ

«Шығармашылық күні»



Жауапты мұғалімдер: Серикбаева Б.Н.

Утеева З.Ж.

Камитова А.Ж.

Амангельдин Е.Б.

2025 - 2026 оқу жылы

Күні: 20.07.2026 ж.
Тақырыбы: «Шығармашылық күні»
Бағыты: Шығармашылық, танымдық және дене шынықтыру бағыты

Мақсаты:

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, кітап оқуға қызығушылығын арттыру, мәдени орындармен таныстыру, белсенді демалыс арқылы достық қарым-қатынасты нығайту.

Міндеттері:

- Балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;
- Кітапхана мәдениетімен таныстыру;
- Танымдық ойындар арқылы білімдерін кеңейту;
- Спорттық жаттығулар арқылы шапшаңдық пен ептілікті дамыту.

Қажетті құралдар:

Спорттық құралдар (доп, секіртпе, шығыршық), ойынға қажетті заттар, кітаптар, шығармашылық материалдар.

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
1. «Қайырлы таң, балақай!» – қабылдау және спорттық жаттығулар	09:00–09:30	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алады. Амандасып, күннің жоспарымен таныстырады. Қызықты сергіту жаттығуларын, таңғы спорттық қимылдарды ұйымдастырады.	Балалар көңілді қарсы алады. Жаттығуларға белсенді қатысып, денелерін шынықтырады, жағымды көңіл күй қалыптастырады.
2. Аудандық кітапханаға саяхат	09:30–10:40	Балаларды кітапханаға апарады. Кітапхана ережелерімен таныстырады. Кітаптардың түрлері, оқу мәдениеті туралы әңгімелейді. Кітапханашының таныстырылымын	Кітапханамен танысады. Кітаптарды тамашалайды. Қызықты кітаптар туралы мәлімет алады, сұрақтар қояды.

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
		тыңдатады.	
3. Іс-шараларға қатысу, ойындар ойнау	10:40–11:20	Балалардың жас ерекшеліктеріне сай шығармашылық және танымдық ойындар ұйымдастырады. Топтық жұмыстарға бағыт береді.	Ойындарға белсенді қатысады. Шығармашылық тапсырмаларды орындайды, достарымен бірлесіп жұмыс жасайды.
4. «Көңілді старт» жаттығуы	11:20–11:50	Балаларды топтарға бөліп, спорттық эстафеталар ұйымдастырады. Ойын ережесін түсіндіреді, қауіпсіздікті бақылайды.	Командалық жарыстарға қатысады. Жылдамдық, ептілік, ұйымшылдық қасиеттерін көрсетеді.
5. Қорытынды. Рефлексия	11:50–12:00	Күнді қорытындылайды. Балалардың белсенділігін атап өтеді. Кері байланыс ұйымдастырады.	Өз әсерлерімен бөліседі. Бүгінгі күннен алған әсерлерін айтады.

Саралау

- Қолдауды қажет ететін балаларға жеңіл шығармашылық және ойын тапсырмалары беріледі.
- Белсенді балаларға топтық жұмыстарда көшбасшылық мүмкіндік беріледі.

Бағалау

- Ауызша мадақтау;
- Белсенді қатысушыларды атап өту;
- Топтық жұмыстардағы белсенділігін бағалау.

Қауіпсіздік ережелері

- Саяхат кезінде тәртіп сақтау;
- Кітапхана ережелерін орындау;
- Спорттық ойындар кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау;
- Құралдарды ұқыпты пайдалану.

Күтілетін нәтиже:

- Балалардың шығармашылық қабілеттері дамиды;
- Кітап оқуға және білім алуға қызығушылығы артады;
- Топпен жұмыс жасау, қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасады;
- Спорттық ойындар арқылы дене белсенділігі мен ұйымшылдығы артады.








inCollage





















«Балдәурен» жазғы лагерінің 20.07.2026 ж. ***күні ұйымдастырылған іс-шараларға анықтама***

2026 жылғы 20 шілде күні жазғы лагерьдің жұмыс жоспарына сәйкес «Шығармашылық күні» тақырыбында мәдени-танымдық және спорттық бағыттағы іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, кітап оқуға қызығушылығын арттыру, мәдени орындарға деген танымдық қызығушылығын қалыптастыру, белсенді демалыс арқылы денсаулықтарын нығайту.

Іс-шара «Қайырлы таң, балақай!» атты көңілді қабылдау сәтімен басталды. Балалар жылы қарсы алынып, күннің жоспарымен таныстырылды. Таңғы спорттық жаттығулар ұйымдастырылып, тәрбиеленушілер белсенді қимыл-қозғалыс жасап, көтеріңкі көңіл күй қалыптастырды.

Негізгі бөлімде балалар Аудандық кітапханаға саяхат жасады. Саяхат барысында кітапхана жұмысымен, кітап қоры және оқу мәдениетімен танысты. Кітапханашылар балаларға кітаптың адам өміріндегі маңызы туралы айтып, қызықты кітаптармен таныстырды. Тәрбиеленушілер өздерін қызықтырған кітаптарды қарап, сұрақтар қойып, жаңа мәліметтер алды.

Келесі кезеңде балалар түрлі іс-шараларға қатысып, көңілді ойындар ойнады. Ойындар барысында олардың шығармашылық ойлау қабілеттері, белсенділігі және топпен жұмыс жасау дағдылары дамыды.

Іс-шараның соңғы бөлімінде «Көңілді старт» спорттық жаттығулары өткізілді. Балалар командаларға бөлініп, эстафеталық ойындарға қатысты. Жарыс барысында шапшаңдық, ептілік, ұйымшылдық қасиеттерін көрсетті.

Іс-шара соңында балалар өз әсерлерімен бөлісіп, белсенді қатысушылар мадақталды.

Қорытынды: «Шығармашылық күні» өз мақсатына жетті. Іс-шара барысында балалардың шығармашылық қабілеттері дамып, кітапқа деген қызығушылығы артты. Танымдық саяхат пен спорттық ойындар арқылы балалардың белсенділігі, ұйымшылдығы және достық қарым-қатынасы нығайды.

Ақмола облысы

Астрахан ауданы

«Астрахан ауылының № 1 мектеп-гимназиясы» КММ

«Әсем саз» әуенді күн



Жауапты мұғалімдер: Серикбаева Б.Н.

Утеева З.Ж.

Камитова А.Ж.

Амангельдин Е.Б.

2025 - 2026 оқу жылы

Күні: 21.07.2026 ж.
Тақырыбы: «Әсем саз» әуенді күн
Бағыты: Музыкалық-шығармашылық тәрбие

Мақсаты:

Балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту қабілеттерін дамыту, әуенді тыңдау арқылы шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, көңілді орта қалыптастыру.

Міндеттері:

- Балалардың музыкалық талғамын қалыптастыру;
- Ән айту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту;
- Музыкалық ойындар арқылы есте сақтау және есту қабілеттерін жетілдіру;
- Бір-бірін тыңдауға, өнерді бағалауға тәрбиелеу.

Қажетті құралдар:

Музыкалық аппаратура, микрофон, караоке әуендері, түрлі музыкалық шығармалар, бағалау белгілері.

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
1. Қабылдау	09:00–09:15	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алады. Амандасып, күннің тақырыбы мен жоспарымен таныстырады. Музыкалық күннің ерекшелігі туралы қысқаша әңгімелейді.	Амандасады. Күн жоспарын тыңдайды. Музыкалық іс-шараларға дайындалады.
2. Бой жазу жаттығулары	09:15–09:30	Музыка әуенімен сергіту жаттығуларын ұйымдастырады. Ырғақты қимылдар мен жеңіл би элементтерін орындатады.	Жаттығуларды орындайды. Музыка ырғағымен қозғалып, сергиді.
3. «Караоке айту»	09:30–10:40	Балаларға таңдаған әндерін орындауға мүмкіндік береді. Ән айту мәдениеті, дауыс	Өздері таңдаған әндерді орындайды. Сахнада еркін өнер

Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
		ырғағы, сахнада өзін ұстау ережелері туралы бағыт береді. Балалардың өнерін қолдап, мадақтайды.	көрсетеді. Достарының өнерін тыңдап, қолдау білдіреді.
4. «Музыканы тап» ойыны	10:40–11:30	Түрлі әуендерден үзінділер қосып, балаларға әннің атауын, орындаушысын немесе әуенін табу тапсырмасын береді. Топтық жарыс ұйымдастырады.	Әуендерді тыңдап, жауап береді. Топпен ақылдасып, музыкалық білімдерін көрсетеді.
5. Қорытынды. Рефлексия	11:30–12:00	Күнді қорытындылайды. Белсенді қатысқан балаларды атап, мадақтайды. «Бүгінгі музыкалық күннен қандай әсер алдың?» сұрағы арқылы кері байланыс алады.	Өз әсерлерімен бөліседі. Ұнаған сәттерін айтады.

Саралау

- Қолдауды қажет ететін балаларға топпен бірге ән айту ұсынылады.
- Қабілеті жоғары балаларға жеке орындау мүмкіндігі беріледі.

Бағалау

- Ауызша мадақтау;
- Белсенді қатысушыларды атап өту;
- Ән орындау және ойын барысындағы белсенділігін бағалау.

Қауіпсіздік ережелері

- Музыкалық құралдарды ұқыпты пайдалану;
- Сахнада тәртіп сақтау;
- Бір-бірінің өнерін құрметтеу;
- Мұғалімнің нұсқауын орындау.

Күтілетін нәтиже:

- Балалардың музыкаға қызығушылығы артады;

- Ән айту, сахнада өзін ұстау дағдылары қалыптасады;
- Музыкалық есту қабілеті мен шығармашылық белсенділігі дамиды;
- Балалар өз өнерін көрсетуге және достарын қолдауға үйренеді.

Кімнің ойы?

«Балдәурен» жазғы лагерінің 21.07.2026 ж. ***күні ұйымдастырылған іс-шараларға анықтама***

2026 жылғы 21 шілде күні жазғы лагерьдің жұмыс жоспарына сәйкес «Әсем саз» әуенді күні тақырыбында музыкалық-шығармашылық бағыттағы іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ән айту мәдениетін қалыптастыру және бос уақыттарын тиімді әрі көңілді ұйымдастыру.

Іс-шара балаларды қабылдап, күннің жоспарымен таныстырудан басталды. Балалардың көңіл күйін көтеру және белсенділігін арттыру мақсатында музыка әуенімен бой жазу жаттығулары өткізілді.

Негізгі бөлімде «Караоке айту» ұйымдастырылды. Балалар өздері таңдаған әндерін орындап, өз өнерлерін көрсетті. Ән айту барысында тәрбиеленушілер сахна мәдениетін, дауыс ырғағын, орындаушылық шеберліктерін көрсете білді. Балалар бір-бірінің өнерін тыңдап, қолдау білдірді.

Келесі кезеңде «Музыканы тап» атты көңілді ойын өткізілді. Балалар әртүрлі әуендерді тыңдап, әннің атауын, орындаушысын анықтауға тырысты. Ойын барысында олардың музыкалық есту қабілеті, есте сақтау қабілеті және тапқырлығы дамыды.

Іс-шара соңында балалардың белсенділігі бағаланып, өнер көрсеткен тәрбиеленушілер мадақталды. Кері байланыс барысында балалар өз әсерлерімен бөлісіп, музыкалық күннің қызықты өткенін атап өтті.

Қорытынды: «Әсем саз» әуенді күні өз мақсатына жетті. Іс-шара барысында балалардың шығармашылық қабілеттері дамып, музыкаға деген қызығушылығы артты. Ән айту және музыкалық ойындар арқылы тәрбиеленушілердің белсенділігі, өзіне деген сенімділігі және достық қарым-қатынасы нығайды.

Ақмола облысы

Астрахан ауданы

«Астрахан ауылының № 1 мектеп-гимназиясы» КММ

«Отбасым – бақыт мекенім» күні



Жауапты мұғалімдер: Серикбаева Б.Н.

Утеева З.Ж.

Камитова А.Ж.

Амангельдин Е.Б.

2025 - 2026 оқу жылы

Күні: 22.07.2026 ж.

Тақырыбы: «Отбасым – бақыт мекенім» күні

Бағыты: Отбасылық құндылықтарды дәріптеу және салауатты өмір салты

Мақсаты:

Балалардың отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, спорттық ойындар арқылы денсаулықтарын нығайту және ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Отбасылық құндылықтарды насихаттау;
- Өз қолымен сыйлық жасау арқылы шығармашылық қабілетін дамыту;
- Футбол ойыны арқылы ептілік пен командалық рухты қалыптастыру;
